- Толық массасы 15 кг кем өрт сөндіргіштер олардың үсті еденнен 1,5 м аспайтын биіктікте орналасатындай етіп орнатылуы тиіс.
- Толық массасы 15 кг және одан астам тасымал өрт сөндіргіштер өрт сөндіргіштің үсті 1,0 м аспайтын биіктікте орналасатындай етіп орнатылуы тиіс. Оларды кенеттен әсер етуден ықтимал құлап қалуларынан міндетті бекітіліп еденге орнатуға болады.
13. Өртке қарсы жайма, өрт сөндіруге арналған қылшық жүнді мата немесе киіз (төсеніш, жанбайтын материалдан жасалған жамылғы) қақпақты металл футлярларда сақталуы және үш айда кемінде бір рет кептірілуі және

тозаңнан тазартылуы қажет.

14. Бастапқы өрт сөндіру құралдарын, механикаландырылмаған құрал-саймандар мен өрт мүлкін ішкі өрт сөндіру су құбырымен және автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталмаған өндірістік және қойма үй-жайларында, сондай-ақ сыртқы өртке қарсы су құбыры жоқ кәсіпорындардың (ұйымдардың) аумағында орналастыру үшін немесе осы кәсіпорындардың ғимараттары, құрылыстары және сыртқы технологиялық қондырғылары сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау көздерінен 100 м астам қашықтықта шалғай орналасқан кезде өрт қалқандары жабдықталады.

Өрт қалқандарының қажетті саны мен олардың типі осы қосымшаның 3-кестесіне сәйкес үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың және сыртқы технологиялық қондырғылардың жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша санатына, бір өрт қалқанының шекті қорғайтын ауданына және өрттің сыныбына байланысты анықталады.

15. Өрт қалқандары осы қосымшаның 4-кестесіне сәйкес алқашқы өрт сөндіру құралдарымен, механикаландырылмаған өрт құрал-саймандарымен және өрт мүлкімен жинақталуы тиіс.

16. Өрт қалқанының жанына орнатылатын су сақтауға арналған бөшке-лердің көлемі кемінде 0,2 м болуы және олар шелекпен жинақталуы қажет. Құм салуға арналған жәшіктердің көлемі 0,5 м³, 1,0 м³ немесе 3,0 м³ болуы және қалақ күрекпен жабдықталуы керек. Жәшіктің конструкциясы құм алып шығуға қолайлы болуы және жауын-шашынның түсуін болдырмауы қажет.

17. Құм салынған жәшіктер қалқандармен бірге үй-жайларда немесе тез тұтанатын немесе жанғыш сұйықтықтардың төгілуі ықтимал ашық алаңқайларда орнатылады.

1-кесте

Үй-жайларды тасымалданатын өрт сөндіргіштермен жарактау жөніндегі ең аз тізбе

Үй-жайлардың функционалдық мақсатының атауы және жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша өндірістік немесе қойма үй-жайының (ғимараттың, құрылыстың) санаты	Өрт сөндіргіштердің тиісті типімен қорғалатын үй-жайдың ең үлкен ауданы, м ²	Өрт сыныбы	Өрт сөндіргіштердің типіне және корпусының көлеміне қарай өрт сөндіргіштердің қажетті саны						
			Көлемі 10 л көбікпен және сумен өрт сөндіргіштер	Көлемі л ұнтақпен өрт сөндіргіштер, (өрт сөндіргіш заттың массасы, кг)			Ауа-эмульсиялық көлемі л өрт сөндіргіштер		Көлемі л көмірқышқылмен өрт сөндіргіштер, (өрт сөндіргіш заттың массасы, кг) 3(5), 5(8)
				(2)	5(4)	0(9)	3	6	
А, Б, В1-В4 (жанғыш газдар мен сұйықтықтар)	200	А	2++	-	2+	1++	1++	1+	-
		В	4+	-	2+	1++	1+	1+	-
		С	-	-	2+	1++	-	-	-
		Д	-	-	2+	1++	1+	1+	-
		(Е)	-	-	2+	1++	-	-	-
В1-В4 (қатты жанғыш заттар мен материалдар)	400	А	2++	4+	2++	1+	1++	1+	-
		Д	-	-	2+	1++	1+	1+	-
		(Е)	-	-	2++	1+	-	-	4+
		С	-	4+	2++	1+	-	-	-
Г және Д	1800	А	2++	4+	2++	1+	++	1+	-
		Д	-	-	2+	1++	1+	1+	-
		(Е)	-	2+	2++	1+	-	-	4+
Қоғамдық ғимараттар	800	А	4++	8+	4++	2+	2++	1++	-
		(Е)	-	-	4++	-	4+	-	4+

Ескертпелер: 1. «++» белгісімен қорғау объектілерін жарактауға ұсынылатын өрт сөндіргіштер, «+» белгісімен ұсынылатын өрт сөндіргіштер болмаған кезде және тиісінше негізделген кезде қолдануға рұқсат етілетін өрт сөндіргіштер, «->» белгісімен осы қорғау объектілерін жарактау үшін рұқсат етілмейтін өрт сөндіргіштер белгіленген.

2. Өртүрлі сыныпты өрттерді сөндіру үшін ұнтақпен өрт сөндіргіштерде тиісті зарядтары болуы қажет: А сыныбы үшін - ABC (E) ұнтағы; B,C және (E) сыныптары үшін - BC(E) немесе ABC (E) және D - D.

3. D сыныпты өрттерді сөндіру үшін ауа-эмульсиямен сөндіргіштердің тиісті өрт сөндіргіш заттарының зарядтары мен тиісті таңбалануы болуы тиіс.

2-кесте

Үй-жайларды жылжымалы өрт сөндіргіштермен жарактау жөніндегі ең аз тізбе

Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша өндірістік немесе қойма үй-жайының (ғимараттың, құрылыстың) санаты	Өрт сөндіргіштердің тиісті типімен қорғалатын үй-жайдың ең үлкен ауданы, м ²	Өрт сыныбы	Өрт сөндіргіштердің типіне және корпусының көлеміне қарай өрт сөндіргіштердің қажетті саны				
			Көлемі 100 л ауа-көбікпен өрт сөндіргіштер	Көлемі 50 л ауа-эмульсиялық өртсөндіргіштер		Көлемі 100 л ұнтақпен өрт сөндіргіштер	Көлемі л көмірқыш қыл мен өрт сөндіргіштер
				25	50		
А, Б, В1-В4 (жанғыш газдар мен сұйықтықтар)	500	А	1++	2++	1++	1++	-
		В	2+	2++	1++	1++	-
		С	-	-	-	1++	-
		Д	-	-	-	1++	-
		(Е)	1. -	-	-	1+	2+
В1-В4 (қатты жанғыш заттар мен материалдар), Г	800	А	1++	2++	1++	1++	4+
		В	2+	2++	1++	1++	-
		С	-	-	-	1++	-
		Д	-	-	-	1++	-
		(Е)	-	-	-	1+	1++

Ескертпелер:

1. «++» белгісімен қорғау объектілерін жарақтауға ұсынылатын өрт сөндіргіштер, «+» белгісімен ұсынылатын өрт сөндіргіштер болмаған кезде және тиісінше негізделген кезде қолдануға рұқсат етілетін өрт сөндіргіштер, «-» белгісімен осы қорғау объектілерін жарақтау үшін рұқсат етілмейтін өрт сөндіргіштер белгіленген.
2. Өртүрлі сыныпты өрттерді сөндіру үшін ұнтақпен өрт сөндіргіштерде тиісті зарядтары болуы қажет: А сыныбы үшін - АВС (Е) ұнтағы; В,С және (Е) сыныптары үшін - ВС(Е) немесе АВС (Е) және D - D.

3-кесте

Ғимараттарды, құрылыстарды және аумақтарды өрт қалқандарымен жарақтау жөніндегі ең аз тізбе

Үй-жайлардың функционалдық мақсатының атауы және жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың немесе сыртқы технологиялық қондырғылардың санаты	Бір өрт қалқанымен қорғалатын шекті аудан, м ²	Өрт сыныбы	Өрт қалқанының типі
А, Б және В1-В4 (жанғыш газдар мен сұйықтықтар)	200	А В (Е)	ЩП-А ЩП-В ЩП-Е
В1-В4 (қатты жанғыш заттар мен материалдар)	400	А Е	ЩП-А ЩП-Е
Г және Д	1800	А В Е	ЩП-А ЩП-В ЩП-Е
Ауыл шаруашылығы дақылдарын бастапқы өңдеу бойынша кәсіпорындардың (ұйымдардың) үй-жайлары мен ашық алаңдары	1000	-	ЩП-СХ
Дәнекерлеу немесе өзге от қауіпті жұмыстарды жүргізу кезіндегі әртүрлі мақсаттағы үй-жайлар	-	А	ЩПП

Ескертпе: 3-кестеде мынадай белгілеулер пайдаланылған:

- ЩП-А – А сыныпты өрт ошақтары үшін өрт қалқаны;
- ЩП-В – В сыныпты өрт ошақтары үшін өрт қалқаны;
- ЩП-Е – Е сыныпты өрт ошақтары үшін өрт қалқаны;
- ЩП-СХ – ауыл шаруашылығы кәсіпорындары (ұйымдары) үшін өрт қалқаны;
- ЩПП - жылжымалы өрт қалқаны.

18. Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша АН, БН және ВН санатты

үй-жайлар мен сыртқы технологиялық қондырғылар үшін жәшіктердегі құм қоры әрбір 500 м² қорғалатын аумаққа кемінде 0,5 м³, ал ГН және ДН санатты үй-жайлар мен сыртқы технологиялық қондырғылар үшін әр қорғалатын 1 мың м² аумаққа кемінде 0,5 м³ болуы тиіс.

19. Өртке қарсы жаймалар, қылшық жүнді маталар немесе киіз ауа өтпесе жанбайтын заттар мен материалдар өртін өшіру үшін қолданылуы тиіс.

Өртке қарсы жаймалардың, қылшық жүнді маталардың немесе киіздің өлшемі кемінде 1x1м болуы және ауданы қолданылатын жайманың ауданынан 50 % аспайтын заттар мен материалдардың өрт ошақтарын сөндіруге арналуы тиіс. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолданатын және сақтайтын орындарда жаймалардың өлшемдерін 2x1,5 м немесе 2x2 м дейін үлкейтуге рұқсат етіледі.

4-кесте

Өрт қалқандарын механикаландырылмаған өрт құрал-саймандарымен және өрт мүлкімен жинақтау жөніндегі ең аз тізбе

Бастапқы өрт сөндіру құралдарының, механикаландырылмаған құрал-саймандардың және мүліктің атауы	Өрт қалқанының типіне және өрт сыныбына байланысты жинақтау жөніндегі ең аз тізбе				
	ЩП-А А сыныбы	ЩП-В В сыныбы	ЩП-Е Е сыныбы	ЩП-СХ	ЩПП
Өрт сөндіргіштер: ауа-көбікпен (ОВП), көлемі 10 л	2	2	-	2	2
көлемі л, ұнтақпен (ОП), (өрт сөндіргіш құрамның массасы, кг):					
10(9)	1	1	1	1	1
5 (4)	2	2	2	2	2
көлемі л көмірқышқылмен өрт сөндіргіштер (ОУ), (өрт сөндіргіш құрамының салмағы, кг) 5 (3)	-	-	2	-	-
Сүймен	1	1	-	1	1
Ілмек	1	-	-	1	-
Шелек	2	1	-	2	1

Өртке қарсы жайма, қылшық жүнді мата немесе киіз (төсеніш, жанбайтын материалдан жасалған жабын)	-	1	1	1	1
Үшкір күрек	1	1		1	1
Қалақ күрек	1	1	1	1	-
Айырлар	-	-	-	1	-
Су сақтауға арналған сыйымдылық, көлемі:					
0,2 м³	-	-	-	1	-
0,02 м³	1	-	-	-	1
Құмы бар жәшік	-	1	1	-	

Ескертпе – Өртүрлі сыныпты өрттерді сөндіру үшін ұнтақпен өрт сөндіргіштердің тиісті зарядтары болуы тиіс: А сыныбы үшін - ABC (E) ұнтағы; В және (E) сыныбы үшін - BC(E) немесе ABC (E) ұнтақтар.

5-кесте

Қызмет көрсету объектілерін бастапқы өрт сөндіру құралдарымен жарақтау жөніндегі ең аз тізбе

Объектілер мен құрылыстардың атауы	Ауданы (м²)	Бастапқы өрт сөндіру құралдарының атауы және қажетті саны		
		Ұнтақпен өрт сөндіргіштер (дана)	Көмір қышқылмен (дана)	ЩП-В типті өрт қалқаны (жинақ)
Техникалық қызмет көрсету станциясы	әрбір 100	2 – "ОП-5" не 1 – "ОП-10"	1- "ОУ-2"	-
Көлік тұрақтары мен гараждар: ашық тұрақтар	әрбір 100	2 – "ОП-5" не 1 – "ОП-10"	-	1
гараждар	1 гаражға деген есеппен	1- "ОП-2"	-	-
әкімшілік ғимарат немесе күзет үй-жайы;	100-ге дейін	2 – "ОП-5" не 1 – "ОП-10"	-	-

гараж аумағы	әрбір 100	2-"ОП-5" не 1-"ОП-10"	1-"ОУ-2"	1
Өнімділігі тәулігіне 500 және одан астам жанармай құятын АЖҚС («қарбалас» сағатта 135 және одан астам жанармайқую орындары)	-	4 – «ОП-5» 2-»ОП-10» 1-»ОП-100»	2-»ОУ-2»	
Өнімділігі тәулігіне 500 – ден кем жанармай құятын АЖҚС («қарбалас» сағатта 135-тен кем жанармай құю орындары)	-	2 – «ОП-5» 1-»ОП-10» 1-»ОП-100»	1-»ОУ-2»	
Оператор бөлмесі, дүкен, тамақтану бекеті (АЖҚС жанындағы)	әрбір 100	1 - ОП-5	1-"ОУ-2"	
Жеке тұрған сауда павильондары, дүңгіршектер, қабылдау пункттері, жөндеу шеберханалары, валюта айырбастау пункттері, халық тұтынатын тауарлар сатылатын, оның ішінде көтерме рыноктар мен базарлар аумағында орналасқан контейнерлер	100-ге дейін қоса әрбір 100	1- "ОП-5" 1- "ОП-5"	- -	- -
Қоғамдық, тұрғын ғимараттар мен құрылыстарға кірістірілген-жапсарлас құрылыстар: сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, тамақтану кәсіпорындары, дене шынықтыру- сауықтыру кешендері, кітапханалар, дәріханалар, медициналық кабинеттер, кассалық есеп айырысу кәсіпорындары, көркем шеберханалары, сүт асүйлері, мұражайлар мен көрмелер	100-ге дейін	2 – «ОП-5» не 1-»ОП-10»	-	-
	әрбір 100	2 – «ОП-5» не 1- «ОП-10»	-	-

Офистер, залдар, дискотекалар, ойын мекемелері, валюта айырбастау пункттері, байланыс бөлімшелері, фотосалондар, жерлеу (рәсімдер) бюросы, кеңселер, жөндеу шеберханалары, шағын өндірістер, тир, бильярд бөлмесі, көшірме жасау-көбейту, туристік, көлік агенттіктері.	100-ге дейін қоса әрбір 100	2 – «ОП-5» не 1-»ОП-10» 2 – «ОП-5» не 1- «ОП-10»	- -	- -
---	-----------------------------	--	-----	-----

Ескертпелер:

1. 5-кестенің тізбесіне кірмеген объектілерге, бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті саны осы Қағидаларға 11-қосымшасының талаптарының негізінде анықталады.

2. Автокөлік құралдарына арналған өрт сөндіргіштер саны «Донғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне (КО ТР 018/2011) сәйкес анықталады.

3. Ұнтақты өрт сөндіргіштерді ауа-эмульсиялы өрт сөндіргіштермен ауыстыруға болады.

*Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
4-қосымша
Нысан*

Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану журналы

1. Өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен жабдықталған объектінің атауы
мен ведомстволық бағыныстылығы (меншік нысаны)

(жүйенің түрі, іске қосу тәсілі)

Мекенжайы, телефоны _____

Жүйені монтаждау күні, монтаждау ұйымының атауы

Өрт автоматикасы жүйесінің типі _____

Жүйеге қызмет көрсететін ұйымның (қызметтің) атауы

Телефоны _____

2. Өрт автоматикасы жүйесінің сипаттамасы

(техникалық құралдардың атауы, типтері, шығару күні, пайдалануды бастау күні, қуәландырудың кезекті мерзімі)

3. Өрт автоматикасы жүйесінің қағидаттық немесе монтаждау схемасы.

4. Гидравликалық және электрлік сынау нәтижелері:

Өткізу күні	Сынау нәтижелері	Қорытынды	Қолы
-------------	------------------	-----------	------

5. Кезекшілікті қабылдау-тапсыру және жүйенің техникалық жай-күйі:

Қабылдау-тапсыру күні	Кезекшілік кезеңінде жүйелердің жай-күйі	Қорғалатын объектілердің атауы және сигналдар келіп түскен жүйелердің типі	Кезекшілікті қабылдау-тапсырғандардың тегі,
-----------------------	--	--	---

6. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының бас тартулары мен ақаулықтарын есепке алу

Р/с №	Хабарламаның келіп түскен күні мен уақыты	Бақыланатын үй-жайдың атауы	Ақаулықтың сипаты	Хабарламаны қабылдаған-ның тегі мен лауазымы	Ақаулықты жою күні мен уақыты
-------	---	-----------------------------	-------------------	--	-------------------------------

Ескертпелер:

- 1) Ақаулықтарды уақтылы жоюды талдау күн сайын жүргізіледі.
- 2) Журналда бас тартулардың, ақаулықтардың, жалған іске қосулардың санын қорытындылау ай сайын жүргізіледі.
- 3) Журналды жедел (кезекші) персонал жүргізеді.

7. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын алу жөндеулерін есепке алу.

Р/с №	Күні	Жүйенің типі	Бақыланатын объект	Жүргізілген жұмыстардың сипаты	Жүргізілген жұмыстардың тізбесі	ТҚК жүргізген адамның лауазымы, тегі және қолы
-------	------	--------------	--------------------	--------------------------------	---------------------------------	--

8. Өрт автоматикасы жүйесіне қызмет көрсетуші персоналдың білімін тексеру.

Р/с №	Тексерілушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, жұмыс өтілі	Тексеру күні	Білімін бағалау	Тексерушінің қолы	Тексерілушінің қолы
-------	---	--------------	-----------------	-------------------	---------------------

9. Өрт автоматикасы жүйелерінің іске қосылуын (ажыратылуын) есепке алу.

Р/с №	Бақыланатын объектінің атауы	Өрт автоматикасы жүйесінің түрі мен типі	Іске қосылу (ажыратылу) күні	Іске қосылу (ажыратылу) себебі	Өрттің шығыны	Іске қосылу себебі
-------	------------------------------	--	------------------------------	--------------------------------	---------------	--------------------

10. Өрт автоматикасы жүйелерімен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша техникалық және жедел персоналға нұсқаулық беру.

Р/с №	Нұсқаулықтан өтушінің тегі	Нұсқаулықтан өтушінің атқаратын лауазымы	Нұсқаулық өткізу күні	Нұсқаулықтан өтушінің қолы	Нұсқаулық өткізген адамның қолы
-------	----------------------------	--	-----------------------	----------------------------	---------------------------------

*Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
5-қосымша
Нысан*

**Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын
пайдалануға қабылдау АКТІСІ**

_____ қаласы 20__ ж. «__» _____

(тапсырыс беруші ұйымның атауы)

20__ ж. «__» _____ № _____ шешімімен мынадай құрамда:
Төраға - тапсырыс берушінің (бас мердігердің) өкілі _____

_____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

Комиссия мүшелері - өкілдер:

монтаждау ұйымдары _____

_____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

іске қосу, баптау ұйымдары _____

_____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

тағайындалған комиссия орындалған жұмыстарды тексерді және анықтады:

1. Монтаждау-баптау (іске қосу баптау) ұйымы _____

_____ әзірлеген (құрастырған) жоба бойынша (ұйымның атауы)

монтаждалған қондырғыны _____

(объектінің атауы)

_____ (қондырғының атауы) қабылдауға ұсынды.

2. _____ монтаждау жұмыстарын

(ұйымның атауы)

20__ ж. «__» _____ бастап 20__ ж. «__» _____ аралығында орындады.

3. _____ іске қосу баптау жұмыстарын

(іске қосу баптау ұйымының атауы)

20__ ж. «__» _____ бастап 20__ ж. «__» _____ аралығында орындады.

4. Кешенді байқау процесінде анықталған ақаулар мен кемшіліктер жойылды (қажет болған кезде осы актіге қосымшада көрсету керек).

Комиссияның қорытындысы:

Іске қосу баптау жұмыстарын қоса алғанда, кешенді байқаудан өткен қондырғы, орындалған жұмыстардың сапасын

_____ (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық)

деп бағалай отырып, 20__ ж. «__» _____ бастап пайдалануға қабылданды деп есептелсін.

Құжаттама актісіне қоса беріліп отырған тізбе _____

Комиссия:

Комиссия төрағасы _____

(қолы)

М.О.

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
6-қосымша
Нысан

**Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының монта-
жалған аспаптары мен жабдығының ВЕДОМОСІ**

(объектінің атауы)

жобасы бойынша

Жобаның реттік және ерекшелік нөмірі	Атауы	Типі	Зауыт нөмірі	Ескертпе
--------------------------------------	-------	------	--------------	----------

Тапсырды _____

(тапсырыс беруші өкілінің лауазымы,

тегі, аты, әкесінің (болған жағдайда) (қолы)

қабылдады _____

(монтаждау ұйымы өкілінің лауазымы,

тегі, аты, әкесінің (болған жағдайда) (қолы)

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
7-қосымша
Нысан

**Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын
қуәландыру АКТІСІ**

_____ қаласы

20__ж. «__»

Объект _____

(атауы)

Комиссия құрамы:

Комиссия төрағасы _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

байқап-тексеру жүргізді _____

(қондырғының атауы)

(қондырғының орналасу орнын көрсету)

(элементтердің атауы)

Жұмыстар 20__ ж. «__» _____ және «__» _____ аралығында жүргізілді

Байқап-тексеру кезінде:

анықтал-

ды (қондырғылардың, элементтердің жай-күйі)

Комиссияның қорытындысы:

(қолданыстағы өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын одан әрі пайдалану мүмкін мүмкін емес немесе жаңа жүйелер мен қондырғыларды монтаждауды орындау қажет; өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жекелеген техникалық құралдарына жөндеу жүргізу қажет; келесі куәландыру мерзімін белгілеп, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануды ұзарту қажет)

Комиссия төрағасы:

(қолы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты ,болған жағдайда)

Комиссия мүшелері

(қолы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

*Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
8-қосымша*

Отқа төзімділік дәрежесіне байланысты дүңгіршектер мен павильондар арасындағы өртке қарсы қашықтықтар

Дүңгіршектер мен павильондардың отқа төзімділік дәрежесіндегі қашықтық, метрмен	I,II,III	IIIa, IIIб, IV, IVa, V
I, II, III	6	8
IIIa, IIIб, IV, IVa, V	8	10

**Ота жасайтын бөлмеде өрттер мен жарылыстардың алдын алу
жөніндегі қорғау шаралары**

1. Есірткінің өздігінен тұтануын болдырмау үшін жұмыстан кейін олар буландырғыштан герметикалық түрде жабылатын ыдысқа төгіледі. Эфир ақырын, шашыратпай төгіледі. Наркоздан кейін қалған эфирді раковинаға төгуге жол берілмейді.

2. Эфирді буландырғыштан қабылдау ыдысына бос құламалы ағыспен құюға жол берілмейді. Ол үшін электр өткізгіш материалдан жасалған май құйғыш қолданылады, май құйғыштар жерге тұйықталады, май құйғыштың шеті ыдыстың түбіне жетуі тиіс. Олай болмайтын жағдайда эфир ыдысқа осы өткізгіш арқылы ағуы үшін жерге тұйықталған өткізгіштің шеті май құйғыш арқылы ыдыстың түбіне жеткізілуі қажет.

3. Есірткіні төккеннен кейін буландырғыш, шлангілер және наркоз аппаратының барлық алмалы бөлшектері жылы сумен шайылады.

4. Ота жасау бөлмелерінде газдарды бір баллоннан екінші баллонға құюға және қысымдағы газдары бар баллонға қосымша газдар мен есірткілерді кіргізуге жол берілмейді. Мұны машықтанған персонал арнайы жабдықталған үй-жайда жүргізеді.

5. Ота жасау және наркоз үй-жайларында ашық отты (спиртовка, газ оттықтары, тұтатылған сіріңкелерді) қолдануға, темекі шегуге және электр жылытқыш құралдарын пайдалануға жол берілмейді. Баллонның вентилін жылыту үшін жылытқы қолданылады.

6. Наркоз және ота жасайтын үй-жайларда қолданылатын жабдықтардың ашық беттерінің температурасы 120°C аспайды.

7. Эндоскопиялық құралдардың шағын шамдарының қатты қызуына жол берілмейді.

8. Наркоз кезінде бұзылған және ұшқын шашатын электр жабдығын пайдалануға жол берілмейді.

9. Қауіпті аймақтарда қолданылатын барлық электр медициналық жабдық жарылыстан қорғалған түрде орындалған болуы тиіс.

10. Наркоз кезінде термокаутердің тұтанғыш анестетикасын, диатермия аппаратын, электр хирургиялық аппараттарды, жарылыстан қорғалмаған түрде орындалған рентген аппараттарын, дефибриляторларды қолдануға жол берілмейді.

Ескертпе. Фторотан, азоттың шала тотығы, хлороформ және басқа тұтанбайтын қоспаларға көшкен жағдайда жоғарыда аталған аппарату-

раны қолдануға жол беріледі, бұл ретте тұтанғыш дезинфекциялау құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

11. Ота жасайтын бөлмелердің статикаға қарсы материалдан жасалған едендерін (лас шөгінділерінің негізінде) электр өткізгіш қасиетін жоғалтуы ықтимал өткізбейтін үлбірінің пайда болуын болдырмау үшін үнемі жуып тұрады. Еденнің бетін балауызбен немесе лакпен өңдеуге жол берілмейді.

12. Наркоз аппаратының бөлшектерін (бейөткізгіш) лейкопластырмен жабыстыруға, статикаға қарсы емес резеңкедан есірткі қоспаларын атмосфераға жою үшін шлангтарды пайдалануға, электр өткізгіш материалдың бұзылған бөлшектерін бейөткізгіштен жасалған бөлшектерге ауыстыруға жол беріледі.

Ескертпе. Наркоз аппараттарының барлық бөлшектері электр өткізгіш материалдарынан жасалады: қаптар, шлангтар, маскалар, демалу трубкалары және аппараттың демалу контурының басқа бөлшектері, сондай-ақ доңғалақтардың тысы мен төсемдері электр өткізгіш резеңкедан, ал өткізгіштер – түсті металлдан немесе электр өткізгіш пластмассадан жасалады.

13. Наркоз аппаратының барлық бөлшектері арнайы майлаумен майлануы тиіс. Эндотрахиалды трубкалар мен дәке тампондарын тек таза глицеринмен ғана майланады.

14. Жабдықтың белдік берілістерін еденнен 0,25 м қауіпті аймақтар шегінде (наркоз затының тым жоғары концентрациясында) орналастырылмайды. Белдік берілістер қауіпті аймақтан жоғары орнатылған жерлерде белдіктерді үлес қарсылығы 105 Ом/м статикаға қарсы материалдан жасау керек.

Белдіктерді шайырман, балауызбен және сыртқы қарсылықты арттыратын басқа да заттармен майлауға жол берілмейді.

15. Қауіпті аймақтарда қолданылатын тоқымалы маталарға тиісті статикаға қарсы заттар сіндіріледі. Бұндай маталарға жуылғаннан кейін қайтадан статикаға қарсы заттарды сіндіру керек.

16. Жабдықтың барлық металл және электр өткізгіш металлды емес бөліктері статикалық электр зарядтарын шығару үшін жерге тұйықталады.

Жабдықтың металлды емес бөліктері егер олардың сыртқы және ішкі қабатының жерге тұйықтау шинасына қатысты кез келген жерінің қарсылығы 107 Ом асқанда электр статикалық түрде жерге қосылған болып саналады. Ота жасау алдында наркоз аппаратының резеңкедан жасалған бөліктерін сумен сулау керек.

17. Қызмет көрсету персоналының электрленуін болдырмау үшін мынадай ережелерді сақтау керек:

1) ота жасау бөлмесіндегі қызмет көрсету персоналының киімі мақта-ма-

тадан жасалады, жабық және толық қонымды, әбден кептірілген және қатты крахмалданбаған болады. Пайдаланар алдында киім мен аяқ киімді ылғалдығы 80 % асқан үй-жайларда ұстау ұсынылады.

Науқас мақта-матадан тігілген киімде болуы тиіс. Ота жасайтын бөлмеде және басқа жарылыс қауіпті үй-жайларда қозғалғанда қатты электрленетін, адамның денесінде зарядтардың тез жиналуына соғатын жүн, жібек, сондай-ақ нейлон, капрон және басқа да синтетикалық маталардан тігілген киімді киюге жол берілмейді.

2) қызмет көрсетуші персоналдың аяқ киімінің табаны былғарыдан немесе электр өткізгіш резеңкедан жасалған болады, ол аяқ киімнің үстінен мақта-матадан жасалған арнайы операциялық бахилдар киіледі. Ота жасайтын бөлмеде табаны резеңкедан, пластиктан немесе басқа бейөткізгіштерден жасалған аяқ киімді киюге жол берілмейді.

3) ота жасайтын бөлмеде қызмет көрсету персоналының шаштары қалпақпен немесе мақта-мата бас жаулықпен жабылады.

18. Ота жасайтын бөлменің персоналына білезік, жүзік және басқа да металл заттарды тағуға жол берілмейді.

19. Наркоз аппараттарына қызмет көрсету персоналының қолдарында, сондай-ақ науқастың бетінде майдың, помаданың іздері болмау керек.

20. Ота жасайтын бөлмедегі салыстырмалы ылғалдылық гигрометр немесе психрометр арқылы операция жасар алдында және операция барысында бақыланады. Ауа температурасын бақылау ұсынылады. Ота жасайтын бөлмеде ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 55 %-дан болса, наркоз үшін тез тұтанғыш есірткі қоспаларын немесе анестетиканы қолдануға жол берілмейді.

21. Тұтану мен жарылыстан кепілді сақтандыру – тез тұтанғыш есірткі заттарын (фторотан, хлороформ, азоттың шала тотығы, центрэн) қолдану. Тұтанғыш анестетикалармен жұмыс істегенде жарылыстардың алдын алу тұтанудың себептері мен көздерін жоюдан тұрады.

22. Желдеткіш жүйесінің жұмысқа қабілеттігін бақылау үшін операция кезінде құрамында есірткі буының бар-жоғына ауа сынамасы алынады. Сынамаларды операциялық бригаданың мүшелері дем алатын аймақта орналасқан ауданнан алады.

23. Ауаны тазартқыш сүзбелерінің жұмысқа қабілеттілігін бақылау үшін аптасына кемінде бір рет операция жасайтын бөлмеге жеткізілетін ауаның тазалығын, қосалқы бөлшектердің және бактериялы флораның болуы анықталады. Ауада бактериялы флора пайда болған жағдайда, оның себептері жойылғанша операция тоқтатылады.

Мұнай өнімімен қамтамасыз ететін негізгі және қосалқы кәсіпорындарға арналған бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесі

Ғимараттардың, үй-жайлардың және өндірістік учаскелердің атаулары	Қорғалатын аудан	Көмір қышқылды өрт сөндіргіштер		Көбікті өрт сөндіргіштер ОВП-10	Ұнтақты өрт сөндіргіштер		Құмы бар жәшік
		ОУ-2	ОУ-5 не-месе ОУ-8		ОП-5 не-месе ОП-10	ОП-100	
1	2	3	4	5	6	7	8
Мұнай өнімдерін автоцистерналарға құю алаңы	-	-	-	4	-	-	1
Бір жақты, екі жақты темір жол ағызу-құю эстакадасы	ұзындығының әрбір 50 метріне	--	--	2 4	1 2	--	1 2
Мұнай өнімдерін айдайттын сорғы бөлмелер	50 м ²	-	2	2	-	-	1
ООА және А үй-жайлары	50 м ²	-	2	-	-	-	-
Мұнай өнімдерін ыдыста сақтау қоймасы	200 м ²	-	-	1	2	-	-
Мұнай өнімдерін шағын ыдысқа босату орындары	-	-	-	1	-	-	1
Өзен және теңіз айлақтары	әрбір 50 метрге	-	2	2	2	-	1
Құйылмалы мұнай өнімдері	50 м ²	-	-	2	-	-	1
Манифольд ғимараттары	50 м ²	2	-	2	-	-	1
Айдау станциясының электр қозғалтқыш үй-жайлары	әрбір электр қозғалтқышқа	1	1	-	-	-	-
Қалқымалы сорғы станциялары		-	2	4	-	1	1

Бідыстың ішіндегі мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймалар	100 м ²	-	-	3	2	-	1
Зертханалар	50 м ²	1	-	2	-	-	-
Газ электр дәнекерлеу үй-жайлары	50 м ²	-	-	1	1	-	1
АГТС: Станция ғимараты Сорғы-компрессорлық бөлім Автомашина баллондарын толтыруға арналған колонкалар	Үй-жай-ға	---	1 1 -	- 1 1	2 - 1	1 1 -	---
Регенерациялық қондырғылар	100 м ²	1	-	1	1	-	1
Қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар	200 м ²	-	-	1	-	-	-
Есептеу орталықтары, машина-есептеу станциялары (бюролары), мұрағаттар, кітапханалар, Жобалық-конструкторлық бюро	100 м ²	-	1				
Көшіргіш-көбейткіш машиналар үй-жайы	100 м ²	-	1	1	-	-	-
Материалдық қоймалар	50 м ²	-	-	2	1	-	-
Қазандықтар	100 м ²	1	-	2	1	-	-
Су сорғы	әрбір электр қозғалтқышқа	-	1	1	-	-	-
Авто гараждар	100 м ²	-	1	2	1	-	1
Электр станциялары мен шағын станциялар	100 м ²	2	2	-	1	-	1
Құрамында мұнай бар қалдықтардың су бұратын сорғы бөлмесі	50 м ²	1	1	1	-	-	1
Биологиялық тазарту станциясы	50 м ²	-	-	1	1	-	1
Озонаторлық бөлме	25 м ²	-	-	1	1	-	-
Басқа өндірістік үй-жайлар							
А және Б санатты	200	-	-	2	2	-	1

В1-В4, Г санатты	300	-	-	2	1	1	-
Д санатты	400	-	-	1	-	-	-

Ескертпе:

1. Кәсіпорын аумағында әрбір 5000 м² жинағы бар қалқандар орнатылады: ұнтақты өрт сөндіргіштер – 2, құмы бар жәшіктер – 1, қалың төсем (асбест, киіз) – 1, сүймендер – 2, балталар – 2.

2. Автоматты стационарлы өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған үй-жайлар осы қосымшада көрсетілген санның 50% есебінен бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

3. Бағасы қымбат аппаратура мен жабдықтардың жинақталу орындарында өрт сөндіру құралдарының саны көбейтілуі мүмкін.

4. Осы Қағидаларда аталмаған қондырғыларды орнату үшін бастапқы өрт сөндіру құралдарын басқа үй-жайлармен (қондырғылармен) ұқсастығы бойынша, олардың өрт қауіптілігі ескеріліп қабылданады.

5. А, Б, В1-В4 санатындағы кез келген үй-жайдағы өрт сөндіргіштердің саны осы қосымшаға сәйкес қабылданады, бірақ кемінде – 2, әкімшілік, қызметтік-тұрмыстық ғимараттарда – бір қабатқа кемінде – 2.

*Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
II-қосымша*

Салынып және реконструкцияланып жатқан ғимараттарға, құрылыстар мен қосалқы үй-жайларға арналған бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесі

Ғимараттар, үй-жайлар, қоймалар мен құрылыстар	Өлшем бірліктері	Бастапқы өрт сөндіру құралдарының саны			
		Өрт сөндіргіштер ОП-5	Құм мен күрегі бар, көлемі 0,5 м ² жәшіктер	Сыйымдылығы 250 л және 2 шелек, суы бар күбілер	Көлемі 2x2м өртке қарсы төсемелер
1	2	3	4	5	6
Салынып және реконструкцияланып жатқан ғимараттар	200 м ² еден ауданына	1*	1	1	-

Құрылысқа арналған ағаш	(әр қабат бойынша) ағаштар ұзындығының әрбір 20 метріне	1*	-	-	-
	(әр қабат бойынша) ағаштар ұзындығының әрбір 100 метріне	-	-	1**	-
Кеңселер үй-жайы	200 м ² еден ауданына	1*	-	-	-
Балташы және ағаш өңдеу цехтарының, шеберханаларының үй-жайы	100 м ²	1***	1	1	-
Ағаш материалдары мен жанармайдың (төсемелердің, көбіктің) жабық қоймалары	100 м ²	1***	-	1	-
Жанғыш материалдар болған жағдайда шаруашылық қоймалары	100 м ²	1**	1	1	-
Ағаш материалдарының ашық қоймалары	300 м ² қойма ауданына	1****	-	-	-
Жылытқышы жанғыш немесе жанғыш шатырлары бар жабындар	200 м ² қойма ауданы	1	1	1	-
Бөренелердің ашық қоймалары	500 м ² қойма ауданына	1****	-	-	-
Өргенбейтін материалдардың жабық қоймалары	400 м ² қойма ауданына	1***	-	1	-
Тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтар ыдыстарының қоймалары	50 м ² еден ауданына	1****	1***	-	-
Кальций карбиді қоймалары	100 м ² еден ауданына	-	1	-	-
Сығымдалған, сұйылтылған және ерітілген газдары бар баллондар қоймасы	200 м ² еден ауданына	-	1	-	-

Биік темір бетон құбырлардың діңгектерін бетондауға арналған жұмыс алаңқайы	200 м ² еден ауданына	1	-	-	-
Салынып жатқан құрылыстың ішіндегі қорғаныш жабын	200 м ² еден ауданына	3	1	1	-
Градирия құрылысына арналған агрегаттық бесікшесі	200 м ² еден ауданына	8	-	-	-
Коррозияға қарсы және гидроқшаулағыш материалдарының жұмыс құрамдарын дайындауға арналған үй-жай	200 м ² еден ауданы	3	1	-	3
Жылу генераторлары мен калориферлерді орнату орындары	Агрегат	2	1	-	-
Ашық автомашина тұрақтары	100 м ²	1	1	-	1
Газбен дәнекерлеу және электрмен дәнекерлеу цехтері	200 м ²	1	1	-	-
Аула алаңқайы	200 м ²	1	-	1	-

Ескертпе:

1. Әр қабат үшін кемінде екі өрт сөндіргіш көзделеді.
2. «**» белгісі бір қабат үшін кемінде екі күбімен жарақтау қажеттілігін білдіреді.
3. «***» белгісі шеберханалар, қоймалар үшін кемінде екі өрт сөндіргішпен жарақтау қажеттілігін білдіреді.
4. «****» белгісі кемінде екі өрт сөндіргішпен және құмы бар бір жәшікпен жарақтау қажеттілігін білдіреді. Құмы бар жәшікте көлемі 1,5x1,5 метр өртке қарсы төсеме болуы тиіс.
5. Осы кестеде көрсетілмеген қоймалар мен құрылыстардың бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті саны тиісті министрліктер бекіткен тиесілік нормаларына сәйкес айқындалады.
6. Осы Қағидаларда көзделген өртке қарсы жабдықтан басқа қоймалардың, уақытша ғимараттардың құрылысы аумағында мынадай өрт жабдығының (керек-жарағының) жинағы бар өрт сөндіру пункттері (шкафтар, қалқандар) орналастырылуы қажет, данада: балта – 2; сүймен және күрек – 2; темір багор – 2; қызыл түске боялған шелек – 2; өрт сөндіргіш – 2.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
12-қосымша

Өтпен байланысты жұмыстарды жүргізуге рұқсат

«__» _____ 20__ ж.

Объект _____

(Т.А.Ә. (болған жағдайда) жұмыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мынадай іс-шараларды орындағаннан кейін:

(отпен байланысты нақты қандай жұмыстар екенін және ол жүргізілетін жерді көрсету) жүргізуге рұқсат берілді.

Рұқсат: 20__ ж «__» _____ сағ. «__» бастап,
20__ ж. «__» _____ сағ. «__» дейін жарамды

Бас инженер _____
(қолы)

Рұқсат 20__ ж. «__» _____ сағ. «__» бастап,
20__ ж. «__» _____ сағ. «__» дейін ұзартылды.

Бас инженер _____
(қолы)

_____ жүргізу
(қандай жұмыс екенін көрсету)

Жұмыстар 20__ ж. сағ. «__» бастап «__» _____ дейін атқарылады.

Рұқсат: 20__ ж. сағ. «__» бастап, «__» _____ дейін ұзартылды.

Өрт қауіпсіздігі шаралары мен рұқсатта ұсынылған іс-шараларды орындау туралы нұсқама

алдым: _____
(жұмысты жүргізетін адамның қолы)

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
13-қосымша

Аумақты тазалау аймағының ең аз радиусы

Еден немесе іргелес аумақ деңгейінің үстіндегі дәнекерлеу нүктесінің биіктігі, метрмен	Тазалау аймағының ең аз радиусы, метрмен
0	5

2	8
3	9
4	10
6	11
8	12
10	13
10-нан жоғары	14

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
14-қосымша
Нысан

Су өткізу желісін су жіберуге тексеру актісі

_____ қ. 20__ ж. «__» _____

Комиссия мынадай құрамда:

Төрағасы _____

Комиссия мүшелері

орнатылған өрт гидранттары бар су өткізу желісіне тексеру жүргізді.

Тексеру нәтижелері:

Су өткізу желісінің түрі: _____; диаметрі: _____ миллиметр (бұдан әрі – мм).

Желідегі қысым: _____ атмосфера (бұдан әрі – атм.);

Орнатылған өрт гидранттарының өлшем-түрі _____;

Су жіберуге тексеру тәсілі _____

Нақты су жіберуі: секундына _____ литр (бұдан әрі – л/с).

Қажетті су жіберуі: _____ л/с.

Комиссияның қорытындысы:

Комиссия мүшелері: _____

(қолы)

(қолы)

Өрт гидранттарын тексеру актісі

_____ қ. 20__ ж. «__» _____

Тексеру жүргізген ұйымның атауы: _____

Комиссия мынадай құрамда:

Төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

Өрт гидрантының сипаты және таңбалануы:

әзірлеушінің атауы, мекенжайы және тауарлық белгісі _____

әзірлеушінің жүйесі бойынша шартты белгілеуі _____

зауыт нөмірі _____

өрт гидрантының биіктігі, _____ мм;

корпустың ішкі диаметрінің шартты өтуі, _____;

шығарылған жылы _____

Тексеру шарты _____

Өлшеу құралдары және сынақ жабдығы туралы деректер:

Тексеру нәтижелері:

су өткізу құдығының люгі мен қақпағының, ниппельдің қақпақтары мен ой-масының,

штанганың үстіңгі шаршысының және өрт гидранты корпусының жарамдылығы

күю құрылғысының жұмысқа қабілеттігі _____

өрт гидрантының корпусында және құдықта судың болуы _____

клапанның (ысырманың), сондай-ақ жұмыс қысымы кезінде қосқыштардың және тығыздамалардың герметикалығы _____

өрт бағанын өрнату кезіндегі өрт гидрантының жұмысқа қабілеттігі _____

өрт гидрантын ашу немесе жабу шарттары _____

су өткізу желісіндегі 0,4-тен бастап 0,6-ға дейінгі МПа қысымның диапазонында су шығысы (су беру) _____

Су беруге тексеру тәсілі _____

Нақты су беру: _____ л/с. Қажетті су беру: _____ л/с.

Комиссияның қорытындысы: _____

Комиссия мүшелері:

(қолы)

Нысан

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін жұмысқа қабілет-тілігіне сынау актісі

_____ қ. 20__ ж «__» _____

Пайдаланушы ұйымның атауы _____

Қызмет көрсетуші ұйымның атауы _____

Сынаулар күні мен уақыты _____

Комиссия мынадай құрамда:

Төрағасы _____

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшелері _____

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) ішкі өртке қарсы су құбырын су жіберуге сынауды жүргізді:

(ғимараттың, өрт бөлігінің атауы)

Тіреулер мен өрт крандарының нөмірлері _____

_____ типті өрт кранының клапаны

_____ типті қол өрт оқпаны

Өрт жеңқұбырының ұзындығы мен диаметрі _____ м,

_____ мм _____

_____ типті өрт сорғысы

Өрт крандары жабық кездегі өрт сорғысының арыны _____

МПа

Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес:

«үстем» өрт кранының шығыны _____ л/с

(жол берілетін)

«үстем» өрт кранындағы қысым _____ МПа

(жол берілетін)

су жіберуге бір мезгілде сыналатын өрт крандарының саны _____
_____ дана

Сынау нәтижелері

_____ сағат _____ минуттан (бұдан әрі – мин) _____ сағ _____ мин дейін шаруашылық қажеттіліктерге суды ең көп пайдаланылатын тәулік кезеңінде ішкі өртке қарсы сумен жабдықтаудың су жіберуі _____ бұл кемінде

(жобаның нөмірі мен атауы) л/с құрайды, Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келеді (сәйкес келмейді).

Клапандардың бекіту органдары бір шеткі қалыптан екіншісіне қолмен (қосымша техникалық құралдарсыз) ауыстырылады; клапанды ашып-жабатын кемінде үш циклден кейін клапандардың бекіту органдары арқылы және штокты тығыздау арқылы ағу жоқ, диафрагмалардың диаметрі жобалық деректерге сәйкес келеді.

Сынау нәтижелері бойынша қорытынды

Өрт крандары клапандарының жұмысқа қабілеттілігі Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы ұлттық, мемлекетаралық стандарттардың, нормативтік құқықтық актілердің талаптарына _____ (сәйкес келеді, сәйкес келмейді)

Комиссия төрағасы _____

(колы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшелері _____

(колы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Нысан

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтауды су жіберуге сынау хаттамасы

_____ к. 20 ж. «___»

Пайдаланушы ұйымның атауы _____

Объектінің атауы _____

(ғимарат, өрт бөлігі)

Қызмет көрсететін ұйымның атауы _____

Сынаулар күні мен уақыты _____

Тіреулердің және сыналатын өрт крандарының нөмірлері _____;

_____ типті өрт кранының клапаны;
_____ типті қол өрт оқпаны;

Өрт құбырының ұзындығы мен диаметрі _____ м, _____ мм;

_____ типті өрт сорғысы;

Өрт крандары жабық кезіндегі өрт сорғысының арыны _____ МПа

Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес:

«үстем» өрт кранының шығысы _____ л/с;
(жол берілетін)

«үстем» өрт кранының қысымы _____ МПа;
(жол берілетін)

Су жіберуге бір мезгілде сыналатын өрт крандарының саны _____ дана

«Үстем» өрт краны бойынша ішкі өртке қарсы сумен жабдықтауды су жіберуге сынау нәтижелері

Сынақтардың нөмірі	Гидравликалық схемаға сәйкес тіреулердің - өрт крандарының нөмірлері (диаметр)	Шығу саңылауының диаметрі, мм	Жең құбыр желісінің ұзындығы, м	Қысым, МПа		Талап етілетін шығыс л/с,	Ағынның жинақ бөлігінің талап етілетін биіктігі, м Сынаулардың нәтижелері
				өлшенген	Талап етілетін		

Сынаулардың нәтижелері бойынша қорытындылар

_____ саны _____ дана _____
 (крандар мен окпандардың нөмірлерін көрсету қажет)

(бір кран немесе бірнеше кран бірлесе жұмыс істеген кезде) жұмыс істеу кезінде ішкі өртке қарсы сумен жабдықтаудың «үстем» кранда – сорғыдан қашықтағы және әрбір бағананың ең жоғарғы өрт крандарының ең аз су жіберуі кемінде мыналарды құрайды:

қысым _____ МПа;
 шығыс _____ л/с;
 ағынның жинақ бөлігінің биіктігі _____ м;
 бұл Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы ұлттық, мемлекетаралық стандарттардың, нормативтік құқықтық актілердің талаптарына

(сәйкес келеді, сәйкес келмейді)

Сынауларды жүргізді _____
 (ұйымның атауы, лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Нысан

Өрт крандарының клапандарын жұмысқа қабілеттілігіне сынау хаттамасы

Пайдаланушы ұйымның атауы _____
 Объектінің атауы _____
 (ғимарат, өрт бөлігі)

Қызмет көрсететін ұйымның атауы _____
 Сынаулар күні және уақыты _____

_____ типті өрт қранының клапандары

_____ типті өрт сорғысы

«Үстем» жабық өрт қранындағы қысым _____ МПа.

Өрт крандарының клапандарын жұмысқа қабілеттілігіне сынау нәтижелері

Тіреу нөмірі-кран нөмірі	Кран диафрагма сының нөмірі	Диафрагма диаметрі, мм		Клапанды «Ашу-Жабуды» циклерінің саны	Қымталғандығы (ағудың болуы)	Сынаулардың нәтижелері
		жол берілетін	өлшенген			

Сынаулардың нәтижелері бойынша қорытынды

Өрт крандарының клапандарын жұмысқа қабілеттілігіне (клапанның бекіту органын қолмен қосымша техникалық құралдарсыз бір шеткі қалыптан екіншісіне ауыстыру мүмкіндігі, клапанды ашудың және жабудың бірнеше циклінен кейін клапанның бекіту органы арқылы немесе штокты тығыздау арқылы ағудың болмауы және диафрагмалар диаметрінің жобалық деректерге сәйкестігі) сынау нәтижелері Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы ұлттық, мемлекетаралық стандарттардың, нормативтік құқықтық актілердің талаптарына _____

(сәйкес келеді, сәйкес келмейді)

Сынауларды жүргізді _____

(ұйымның атауы, лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

(Жалғасы. Басталуы 2022 жылдың №1(89), №2(90), 3(91), 4(92),
2023 жылдың №1(93), №2(94) нөмірлерінде)

- X -

Хабарлау құрылғысы - қызметкерлер мен мемлекеттік өртке қарсы қызметті шақыру туралы оптикалық және акустикалық белгілерді қалыптастыруға арналған өрт дабылы қондырғысының бөлігі;

Хабарландыру және эвакуацияны басқару жүйесі - адамдарға өрт туындағаны және (немесе) қажеттіліктер мен эвакуация жолдары туралы ақпаратты уақытында хабарлауға арналған ұйымдастыру шаралары мен техникалық құралдардың кешені;

Хабарландырудың техникалық құралдары - дыбыстық, сөздік, жарықтық және құрама өрт хабарландырушылары, оларды басқару аспаптары, сондай-ақ өрт қауіпсіздігінің эвакуациялық белгілері;

Халықаралық байланыс жолы - Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өтетін немесе Қазақстан Республикасының шекарасында басқа елдің байланыс операторының байланыс жолымен түйісетін нүктесі бар және Қазақстан Республикасы байланыс операторының халықаралық коммутация станциясын басқа мемлекеттердің байланыс операторларының халықаралық коммутация станцияларымен жалғайтын байланыс жолы;

Халықаралық Қызыл крест Комитеті - бейтарап және тәуелсіз ұйым болып табылады, оның мақсаттары мен міндеттері тек гуманитарлық сипатта болады және қарулы қақтығыстардан және басқа да зорлық-зомбылық жағдайларынан зардап шеккен адамдардың өмірі мен қадір-қасиетін қорғауға және оларға көмек көрсетуге бағытталған;

Халықаралық телефон байланысы - Қазақстан Республикасының аумағындағы байланыс қызметтерін пайдаланушылар мен басқа мемлекеттің аумағындағы байланыс қызметтерін пайдаланушылар арасындағы телефон жалғанымы;

Халықтың көпшілік демалыс орындары - қалалар құрылысының жоспарында, аудандық жоспарлау және қала маңындағы аймақты дамыту схемаларында, курорттарды, санаторийлерді, демалыс үйлерін, пансионаттарды, туризм базаларын, саяжай учаскелерін, халықтың ұйымда-

стырылған демалыс орындарын орналастыру аймақтарында (қалалық жағажайлар, саябақтар, спорттық базалар және олардың ашық ауадағы құрылыстары) бөлінген аумақтар;

Халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өнім - техникалық регламенттерде, гигиеналық нормативтерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес емес деп танылған, оны қолдану немесе тұтыну кезінде адамның денсаулығына зиянды әсерге байланысты тәуекелдің бар-жоғын куәландыратын өнімнің жай-күйі; өндірушінің (өнім берушінің) оның қадағалануын, қауіпсіздігін растайтын құжаттары жоқ; таңбалануы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін; жарамдылық мерзімі белгіленбеген немесе өткен өнім; жалған өнім;

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы - мекендеу ортасы факторларының адамға зиянды әсері болмайтын және оның тыныс-тіршілігіне қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілетін кездегі халық денсаулығының, мекендеу ортасының жай-күйі;

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдардың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және оларды жоюға, сондай-ақ халық денсаулығын және мекендеу ортасын қорғау және өнімдердің, процестердің, көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мақсатында олардың сақталуын бақылау мен қадағалауға бағытталған қызметі;

Халықтың радиациялық қауіпсіздігі – адамдардың қазіргі немесе келешек ұрпағының денсаулығына қауіпті иондаушы сәулелену әсерінен қорғалу жағдайы;

Химиялық авария - қауіпті химиялық заттардың шығуы немесе төгілуімен қатар жүретін, адамдардың өлімін немесе зақымдануын, азық-түліктің, тағамдық шикізаттың және ауылшаруашылық малдары мен өсімдіктерінің, қоршаған табиғи ортаның химиялық зақымдануын туғызуға мүмкіндігі бар химиялық қауіпті нысандағы авария;

Химиялық өнім — табиғи ресурстардан бөлудің технологиялық кезеңдерінен өткен өнім және (немесе) химиялық реакцияларды пайдаланып, сондай-ақ дайындаушы кәсіпорын шығарған күйінде адамның немесе өндіріс қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалануға жарамды шикізаттың қайта өңделуі;

Химиялық зақымдану аймағы - күшті әсерілі улы заттардың зақымдануына ұшыраған аймақ;

Химиялық зақымдану - белгілі бір уақыт ішінде адамдарға, ауылшаруашылық малдары мен өсімдіктеріне қауіп тудыратын, қауіпті химиялық заттардың қоршаған табиғи ортада концентрация немесе мөлшер түрінде таралуы;

Химиялық қауіпті нысандар – күшті әсерілі улы заттарды шығаратын, сақтайтын немесе пайдаланатын шаруашылық нысандар;

Химиялық қару - адамға тікелей немесе жанама әсері ауыр немесе созылмалы ауру туғызатын немесе олардың өліміне алып келетін химиялық зат;

Хлор – күшті әсерлі улы зат, аудана екі есе ауыр. 5-10 мг/л мөлшері адам өмірін қияды;

Холерик – адамның мінез-құлқының бір түрі. Ол нақты жағдайға байланысты көпшілікті ұйымдастыратын басшы, сондай – ақ оларды үрейлендіруші де бола алатын адам;

- Ц -

Цианид натрийі - сұр немесе сарғыш түсті ҚӘУЗ. Ол кендерден алтын немесе күміс алу үшін, алтын заттар мен асыл тастарды тазарту үшін, металдарды дәнекерлеу және сұйық цементтеу кезінде, металдарды қатайту кезінде, қола және мырышпен қаптау кезінде, айналарды күмістеу кезінде, фотография, литография, фармацевтика өндірісінде, ауылшаруашылық зиянкестерімен күресу үшін қолданылады. Адамдар үшін өлім дозасы-0,1 г;

Цианды калий - ақ түсті ҚӘУЗ, ауада өзгермейді. Суда 2% мөлшерінде ериді. Гидроциан қышқылының бөлінуімен қышқылдармен ыдырайды. Өлім дозасы шамамен 0,2 г. улану белгілері гидроциан қышқылындағыдай. Гальванотехникада қолданылады.

Цианид сынабы - ҚӘУЗ. Түссіз шаршы призмалар. Суда, метил мен шарап спиртінде оңай ериді. Өте улы. Уланудың екі түрін тудырады: тез-гидроциан қышқылы және баяу - сынап. Улану цианид сынабы асқазанға, тері астына немесе көктамыр ішіне енген кезде де пайда болуы мүмкін. Медицинада дәрі ретінде, хирургиялық құралдарды зарарсыздандыруға арналған антисептик ретінде және реактив ретінде қолданылады;

Цунами - су асты және жағалаулардағы жер сілкінісі кезінде пайда болатын теңіз бен мұхиттың күші жойқын толқындары;

-Ш-

Шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны бір жүз адамнан аспайтын және жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

Шаңды дауыл - қауіпті табиғи құбылысы, көру мүмкіндігінің төмендеуімен, тұқым және жас өсімдіктермен қоса топырақтың жоғарғы қабатының үрленуімен, егістікті және көлік магистралдарын құм басумен сипатталатын үлкен көлемдегі шаңның немесе құмның қатты желмен тасымалдануы. Ұзақтығы – желдің басым кезінде 15 м/с және одан да жоғары жылдамдықпен 12 сағ. және одан да жоғары;

Шамамен рұқсат етілетін деңгейлер - уыттылықты болжаудың есептік және шұғыл-эксперименталды әдістерінің негізінде әзірленген судағы заттардың рұқсат етілген деңгейлері және жобаланатын немесе салынатын кәсіпорындарды, тазалау құрылыстарын алдын ала санитарлық қадағалау сатысында пайдаланатын деңгейлер;

Шаруашылық жүргізу объектілері - өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өндірісінің және қоғам қызметінің басқа да салаларының мүдделері үшін пайдаланылатын үйлер, ғимараттар және басқа да құрылыстар;

Шахта құдығы – су тұтқыш қабаттың үстіңгі бетінің біріншісінен жерасты суларын тарту үшін; сумен жабдықтау, тау-кен жыныстарын құрғату және жер бетінен атмосфералық және жерүсті суларын бұру мақсатында құрылған, тереңдігі көлденең кесігінен үлкенірек тік тау-кен қазындысы;

Шаруашылық жүргізу объектілері - өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық өндірісінің және қоғам қызметінің басқа да салаларының мүдделеріне пайдаланылатын ғимараттар, құрылыстар және басқа да құрылымдар;

Шегендеу құрылысы - табиғи жолмен шығып жатқан жерасты суларының ашылуын және пайдалану мақсатында олардың жер бетіне шығарылуын қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрылыс.

Шекаралық қарулы жанжал - мемлекеттің шекаралық кеңістігіндегі қарсы тұратын тараптар арасындағы қарулы жанжал;

Шектеу іс-шаралары - жануарлар ауруларының таралуына жол бермеу және ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізу мақсатында эпизоотия ошағы мен қолайсыз пунктте шаруашылық байланыстарды ішінара шектеуге және орны ауыстырылатын (тасымалданатын)

объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) тоқтата тұруға бағытталған ветеринариялық, әкімшілік-шаруашылық іс-шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим;

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин - инфекциялық және паразиттік аурулардың таралуын болғызбауға бағытталған әрі кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметтің ерекше режимін көздейтін шаралар;

Шекті рұқсат етілетін концентрация - көлем бірлігіндегі зиянды химиялық заттың ең көп саны, ұзақ уақыт бойы күн сайын әсер ету барысында адам организміне зиянды әсер етпейді, ол қазіргі заманғы зерттеулер әдістерімен анықталады; қоршаған ортаның (жұмыс аймағының ауасы, атмосфералық ауаның, су объектілерінің және топырақтың) санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын бағалау кезінде генетикалық өлшемі болады;

Шифрланған байланыс - қол шифрларын, шифрлау машиналарын, желілік шифрлау аппаратурасын және есептеу техникасының арнаулы құралдарын пайдалана отырып қорғалған байланыс;

Шифрлау жұмысы - тиісті шифрлау құралдарын пайдалана отырып шифрланған, құпияландырылған және кодталған байланыс желілері арқылы берілуге тиіс, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді қорғауға бағытталған, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдары жүзеге асыратын құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені;

Шлам – сарқынды суларды тазарту процесінде алынған, құрамында 60-70 пайызға дейін минералды бөлшектер мен органикалық материал бар лайлы шөгінді;

Шлам үйіндісі – шламды жинау және сақтау орны.

Шлюз (медицина) – шлюз – ауаның бір үй-жайдан басқасына кіру мүмкіндігін желдету жүйесі арқылы жоятын және ауасы әртүрлі деңгейде ластанған үй-жайлардың арасында орналасқан, палата, бөлімше мен жалпы дәліз арасындағы үй-жайдың бір бөлігі.

Штабтық өрт автомобилі - өрт сөндіру штабын жеткізуге және штаб, әскери бөлімшелері мен өрт байланысының орталық тармағы арасында байланысты қамтамасыз етуге арналған автомобиль;

Штамм – белгілі бір биологиялық қасиеттері бар микроорганизмдер түрінің біртекті өсіріндісі;

Шұғыл медициналық көмек – денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар мен

жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

Шұғыл қимылдайтын жедел қызметтер – Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы жол-көлік оқиғалары және өзге де төтенше жағдайлар кезінде шұғыл көмек көрсететін қызметтер;

Шұғыл ден қою жиынтық жасағы – Азаматтық қорғаудың қазіргі аумақтық құралымдары және авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары, жоғары әзірліктегі Объектілік құралымдар қатарынан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін құрылған азаматтық қорғау құрылымдары.

Шығарынды - қандай да бір қызмет нәтижесінде, оның әдейі немесе авариялық, жоспарлы немесе жоспардан тыс болып табылатын-табылмайтынына қарамастан, ластағыштардың қоршаған ортаға кез келген енгізілуін, оған қоса жер бетіне және су объектілеріне төгілуін, атмосфералық ауаға эмиссияны, ластағыштардың су объектілеріне ағызылуын, ластағыштардың жер қойнауына айдалуын, қалдықтардың көмілуін немесе олардың жер бетінде не сарқынды суларды түпкілікті тазартусыз кәріз жүйесі арқылы орналастырылуы;

Шығу кестесі – астанада, республикалық маңызы бар қалаларда, облыс орталықтарында және облыстық маңызы бар қалаларда өртті сөндіруге тартылатын күштер мен құралдардың құрамын айқындайтын құжат;

-Ы-

Ықтимал апатты су басу аймағы - ықтимал су басу нәтижесінде адамдардың жаппай жоғалуы, ғимараттар мен құрылыстардың қирауы, басқа да материалдық құндылықтардың бүлінуі немесе жойылуы мүмкін аумақ. Апатты су басуы мүмкін аймақтардың мөлшері қалалық және ауылдық елді мекендерді, объектілерді, ғимараттар мен құрылыстарды салуға арналған алаңды (трассаны) таңдаудың негіздемелік материалдарын әзірлеу кезінде айқындалады.

Ықтимал қауіпті биологиялық объект – патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу жөніндегі қызмет жүзеге асырылатын объект;

Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттар - белгілі бір жағдайларда және белгілі бір шоғырлану кезінде адамның немесе болашақ ұрпақтың денсаулығына зиянды әсер етуі мүмкін, қолданылуы мен пай-

даланылуы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілермен регламенттелетін заттар;

Ықтимал қираулар аймағы – азаматтық қорғаныс бойынша топқа жатқызылған қаланың немесе ұйымның аумағы, онда 10 кПа (0,1 кгс/см²) тең әуе соққы толқынының фронтында артық қысым пайда болады.

Ықтимал қатты қираулар аймағы – азаматтық қорғаныс бойынша топқа жатқызылған қаланың немесе ұйымның аумағы, онда 30 кПа (0,3 кгс/см²) тең әуе соққы толқынының фронтында артық қысым пайда болады.

Ықтимал қауіпті зат – өзінің физикалық, химиялық, биологиялық немесе токсикологиялық қасиетінің салдарынан адамдардың өмірі мен денсаулығына, ауылшарушылық малдары мен өсімдіктеріне қауіп төндіретін заттар.

Ықтимал әлсіз қираулар аймағы - ықтимал қираулар мен ықтимал күшті қираулар аймақтарының шекаралары арасында қоршалған аумақ ықтимал әлсіз қираулар аймағын құрайды.

-I-

Іргелі биомедициналық зерттеу - базалық білімін кеңейту және өмірлік процестер мен аурулардың физикалық, химиялық және функционалдық механизмдерін түсіну мақсатында жүргізілетін биомедициналық зерттеу;

Ірі кәсіпкерлік субъектілері - кәсіпкерлікті жүзеге асыратын және мынадай өлшемшарттардың біреуіне немесе екеуіне сай келетін: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан асатын және (немесе) жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш миллион еселенген мөлшерінен асатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

Ішкі қарулы жанжал - бір мемлекет аумағы шегінде қарсы тұрған тараптар арасында болатын қарулы жанжал, бұл кезде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай немесе төтенше жағдай құқықтық режимі енгізіледі;

Ішкі орта - тұрғын үй-жайлардағы өмір сүру жағдайларының және жұмыс (өндіріс) үй-жайларындағы еңбек жағдайларының кешені, ол әлеуметтік, эстетикалық, биологиялық, психологиялық және физика-

лық-химиялық факторларды, соның ішінде табиғи радиацияны, сыртқы шуды, биотикалық төңіректі, ауаның ластануын, ылғалдылығын, құрамы мен ауысуын, иістерді, жанған өнімдерді, табиғи және жасанды жарықты, судың тазалығын және басқаларды қамтиды;

Ішінара көшіру дегеніміз - өндірісте және қызмет көрсету саласында жұмыс жасамайтын халықты, көліктің жұмысының кестесін бұзбай жалпы көшірулерден бұрын алдын – ала көшіру;



Эвакуация - азаматтық қорғаудың іс-шарасы, адамдардың өмірін сақтау және өндірістің жұмыс істеуіне жағдай жасау мақсатында халық пен материалдық құндылықтарды төтенше жағдайлар аймақтарынан және осы заманғы зақымдау құралдары қолданылуы мүмкін аудандардан ұйымдасқан түрде әкету шығару;

Эвакуациялық жол (эвакуация жолы) – тікелей сыртқа алып келетін адамдардың қозғалыс және (немесе) орын ауыстыру жолы;

Эвакуациялық шығу – эвакуация жолына немесе тікелей сыртқа алып баратын шығу.

Эвакуациялық жиналу пункттері - эвакуацияланғандарды жинауға және тіркеуге және оларды қону пункттеріне және бастапқы қозғалыс пункттеріне жіберуге арналған. Эвакуациялық жиналу пункттерінің әкімшілігі алдын ала жергілікті атқарушы органдардың қаулыларымен, ұйымдар бойынша бұйрықтармен тағайындалады. Эвакуациялық жиналу пункттері өз қызметінде эвакуациялық комиссияларға бағынады.

Эвакуациялық қабылдау пункттері - түсіру пункттерінде өрістетіледі және эвакуацияланатындарды қабылдау және оларды орналастыру орындарына жіберу үшін арналған.

Эквивалентті доза – сәулеленудің осы түрі үшін тиісті өлшеу коэффициентіне көбейтілген ағзадағы немесе тіндегі сіңірілген доза,

Экологиялық қауіпті объект - құрылысы мен қызметі адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсер етуі мүмкін немесе әсер ететін шаруашылық немесе басқа объект;

Экологиялық зілзалалар - табиғи тепе-теңдік бұзылуының экологиялық тұтқиыл факторлары;

Экономиканың стратегиялық маңызы бар объектілер - жарғылық капиталына мемлекет қатысатын, қызметінде төтенше жағдайлардың

туындау тәуекелі жоғары ірі салық төлеушілерге жатқызылған Қазақстан Республикасының объектілері жатады;

Экотоксиданттар - қоршаған ортаға шектен тыс мөлшерде төгілгенде қалыпты экологиялық жағдайдың бұзылуына алып келетін химиялық зат;

Экоцид - адам өмір сүре алмайтындай етіп қасақана қоршаған ортаға әсер ету;

Экрандалған бөлмелер (үй-жай) - қызмет көрсетуші персоналды электрмагниттік өрістің (бұдан әрі-ЭМӨ) әсерінен қорғау, әртүрлі жоғары вольтты қондырғылар мен генераторлар тудыратын ЭМӨ-ні оқшаулау, қабылдау құрылғылары мен арнайы өлшеу, есептеу және басқа да аппаратураларды сыртқы ЭМӨ әсерінен қорғау мақсатында радиоаппаратураны пайдалану, монтаждау, баптау және сынау кезінде жабдықталған бөлмелер.

Эксаумақтық мәртебесі бар объектілер – шетел мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің және консулдық мекемелерінің, егер осындай эксаумақтылық Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын халықаралық шарттарда көзделсе, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық және өзге де ұйымдары өкілдіктерінің аумақтары, үй-жайлары және автомобильдері;

Эластомерлі пневматикалық бандаж – тұрба бойындағы тесіктерді бітеуге арналған таспа;

Электр желілері – электр энергиясын беруге арналған кіші станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды жалғайтын электр беру желілерінің жиынтығы;

Электр энергетикасы - электр және жылу энергиясын өндіру, беру, жабдықтау және тұтыну саласы;

Электромагниттік импульс - ядролық жарылыс кезінде электрлі және магнитті өрістер пайда болады, өте қысқа мерзімде ғана болды;

Эпидемия - сырқаттанушылықтың әдетте тіркелетін деңгейінен инфекциялық аурудың айтарлықтай асып түсетін жаппай таралуы;

Эпидемиялық асқыну - эпидемияға қарсы іс-шаралар кешенін жүргізуді талап ететін қоздырғыштың халық арасында таралуы;

Эпидемиялық диагностика - нақты эпидемиялық процесстерді ашып, көрсетуге, сондай-ақ аюлардың туындау себептері мен дамуын анықтау;

Эпидемиялық мәні бар объектілер - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылған кезде өндіретін өнімі және (немесе) қызметі халық арасында тағамнан уланудың және (немесе) инфекциялық, паразиттік аурулардың пайда болуына алып келуі және (немесе) физикалық фак-

торлардан, өнеркәсіптік және радиоактивті ластанулардан халық денсаулығына зиян келтіруі мүмкін объектілер;

Эпидемиялық қадағалау - ғылыми негізделген алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шаралардың эпидемиялық процесстердің даму үрдісін бақылау;

Эпидемиялық ошақ - қоздырғыш инфекция көзінен онымен қарым-қатынаста болатын адамдарға берілуге қабілетті шектерде оның қоршаған аумағы бар инфекция көзінің (науқастың/адам мәйітінің) болатын жері;

Эпизоотиялық ошақ - инфекция қоздырғышы көзі, берілу факторлары мен қабылдағыш жануарлар бар шектеулі аумақ немесе үй-жай.

Эпидемияның алдын алу шаралары - аймақтың, сумен қамту жүйесі мен канализацияның тазалығын күшейту, халықтың санитарлы сауатын арттыру, гигиена ережелері сақталуы тиіс, азық – түлікті дұрыс өндеу және сақтау, қоздырғыштар тасымалдаушылардың әлеуметтік белсенділігін және олардың сау адамдармен қарым – қатынасын шектеу шаралары;

Эпизоотия - тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының жаппай таралуы;

Эпизоотиялық ахуал - жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының жаппай таралу жағдайы;

Эпизоотологиялық бірлік – эпизоотиялық тұрғыдан байланысты, бір жерде (бір өрісте, жайылымда және басқа жерлерде) болуы себепті ауру қоздырғыштың әсер етуі тәуекеліне ұшырау ықтималдығы бірдей жануарлар тобы (үйір, мал тобы, отар, табын).

Эпизоотия ошағы - инфекцияны қоздырушы көздер, тарататын факторлар және ауруға бейім жануарлар тұрған шектеулі аумақ немесе қора-жай;

Эррозия – тау жыныстарының ағын су әсерінен бұзылу процесі;

- Ю -

ЮНИСЕФ - Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры, ағылшынша Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры, және Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамдас бөлігі болып табылады. ЮНИСЕФ мақсаты балалардың құқықтарын қорғауға ықпал ету, олардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру және олардың дамуына ықпал ету. ЮНИСЕФ 1946 жылы БҰҰ Халықаралық төтенше балалар қоры ретінде құрылып, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде зардап шеккен балаларға көмек көрсетті.

Қор уақытша жұмыс жасайды деп жоспарланды, алайда, ұйым жұмысына мұқтаждық азайған жоқ, сондықтан, құрылғаннан бастап 10 жылдан да аз уақыт ішінде ЮНИСЕФ міндеттерінің аясы кеңейтілді, ал атауы БҰҰ Балалар қоры болып өзгерді. 1994 жылдың ақпанында Қазақстан балалар құқығы жөніндегі Конвенцияға қол қойды.

-Я-

Ядорлық қондырғыдағы авариялық жағдай – қауіпсіз пайдаланудың шекті көрсеткішінен асып кеткен, алайда аварияға алып келмеген ядорлық қондырғының жай-күйі;

Ядролық бомба – ядролық заряды бар авациялық бомба, ядролық қару-жарақтың бір түрі. Қазіргі заманғы ядролық бомбалардың күші оннан миллионға дейінгі тротил күшіне тең. Қаруды ұшақпен жеткізеді;

Ядролық жарылыс - ядролық соққы арқылы орындалатын міндеттер мен объектінің сипатына байланысты ядролық жарылыс әуеде, жер үстінде, жер астында, су үстінде және су астында жүргізілуі мүмкін. Осыған сәйкес жер үсті әуе, биіктікті, су үсті, су асты және жер асты жарылыстары болып бөлінеді. Ядролық жарылыс кезінде байқалатын құбылыстар көп жағдайда жарылыс түріне байланысты болады. Ядролық жарылыстың әрбір түрінің басты ерекшеліктерінің бірі — жергілікті жердің радиоактивтік зақымдалу дәрежесі. Мысалы., әуедегі жарылыс кезінде жарылыс кіндігі ауданындағы жергілікті жерге радиоактивтік зақымдану қаупі төнеді. Ал жер үсті және жер асты жарылысы ядролық жарылыс ауданындағы жергілікті жердің және сондай-ақ радиоактивті бұлттың өту жолындағы жердің едәуір бөлігін зақымдайды. Ядролық жарылыстың белгілі бір немесе басқа түрінің қолданылуы оның зақымдауының ерекшелігіне, зақымдалатын объектінің сипатына және оны зақымдаудың талап етілетін дәрежесіне, сонымен бірге жергілікті жерді радиоактивті зақымдаудың қажетті шамасына және ауқымына қарай анықталады.

Ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары - соққы толқыны, сәуле жарқылы, өткіш радиация, жердің радиоактивтік ластануы, электромагниттік импульс;

Ядролық медицина - онкологиялық ауруларды қоса алғанда, адамның ағзалары мен жүйелерінің әртүрлі ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды емдеу мақсатында радиоактивті элементтер

мен иондаушы сәулелену қолданылатын медицина саласы;

Ядролық қару – жаппай қырып-жою қаруы. Дүние жүзіндегі ең бірінші атом бомбаларының бірі, салмағы 20т (1950 жылдар). Ядролық қару жаппай қырып-жою құралы ретінде қысқа мерзім ішінде әкімшілік орталықтарды, өнеркәсіп және әскери нысандарды, әскерлер тобын, флот күштерін талқандау, қоршаған ортаны радиоактивтік ластандыру, жаппай бүлдіру, суға батыру, т.б. мақсаттар үшін қолданылады.

Ядролық қауіпсіздік – 1) ядролық қауіпті нысандардағы қауіптің деңгейін адамдар мен қоршаған ортаға мейлінше төмендетуге бағытталған ұйымдық –техникалық іс-шаралар жүйесі; 2) ядролық қауіп көздері бар нысандардың белгілі бір мерзім ішінде сыртқа шықпауын қамтамасыз етуі;

Ядролық қыс — атом соғысының ықтимал зардабы. Жердің биосферасының термоядролық соғыстан кейінгі жай-күйі, жаһандық экологиялық апат. Айлар мен апталар бойы жанып жатқан қалалардың түтіні күн сәулесін өткізбей бүкіл әлемдегі температура күрт түсіп кетеді, сол себепті әр түрлі экологиялық апаттар басталады;

Ядролық соққы – қарсыластың нысандарын ракеталар, торпедолар жіберу, бомба тастау, артиллерия атысы арқылы ядролық оқ-дәрілермен зақымдау, т.б. ядролық соғыстағы ұрыс қимылдарының түрі. Ядролық соққы зақымдалатын нысандар саны мен сол үшін қолданылатын ядролық оқ-дәрілерге байланысты дара, топтық және жаппай болуы мүмкін;

Ядролық реактор (атомдық реактор) – атом ядросы бөлінуінің басқарылатын тізбекті реакциясын жүзеге асыратын құрылғы. Оның негізгі бөліктеріне: ядролық отын (мысалы, уран не плутоний), баяулатқыш, шағылдырғыш, суытқыш), бақылау және өлшеу приборлары жатады. Ядролық реактор атом ядроларының бөлінуіне себепші болатын нейтрондардың энергетикалық спектріне қарай: шапшаң (нейтрондардың энергиясы 100 кэВ-тан жоғары), жылулық не баяу (нейтрондардың энергиясы 0,025 эВ) және аралық (нейтрондардың энергиясы 1 эВ-тан бірнеше кэВ-қа дейін) нейтрондар реакторы болып, ал баяулатқыштағы ядролық отынның таралу сипатына сәйкес гомогенді және гетерогенді ядролық реактор болып ажыратылады. ядролық реактор кейде пайдаланылатын баяулатқышына (мысалы, графит, берилл ауыр су, т.б.) не суытқышына (мысалы, сұйық металл, т.б.) қарай да бөлінеді.;

Ядролық ұстамдылық - әскери-техникалық, құқықтық та емес, саяси-психологиялық тетік. Америка президенті Джон Ф. Кеннеди ядролық қаруды «жібек жіпке ілініп, басымызға төніп тұрған қылышқа» теңеді.

Ядролық қарудың болуы екінші жақты бірінші болып қолданудан тоқтатады, алайда ол үшін ол мынаған сенімді болуы керек: а) қарсыласта шын мәнінде ядролық қарудың барлығына; ә) бұл қарсыластың қарсы жауап ретінде ол қаруды қолдануға техникалық мүмкіндігінің, сондай-ақ саяси және психологиялық дайындығының болуына; б) жауапты ядролық соққы салдарының мемлекет және қоғам үшін қолайсыздығына.

Ядролық энергетика – техниканың ядро ішіндегі энергияны энергияның басқа түріне (мысалы, жылулық, механикалық, электрлік) түрлендіру және оны өнеркәсіптік, тұрмыстық қажетке пайдалану мәселелерін қарастыратын саласы. Өнеркәсіптік ядролық энергетикалық қондырғылардың төмендегідей түрлері бар: жылулық атом стансасы (тұрмыстық және өнеркәсіптік мақсат үшін жылу өндіруге арналған), ядролық күш қондырғысы (локомотив, кеме, ұшақты қозғалысқа келтіру үшін ядролық энергияны пайдаланатын), атом электр станциясы. Ядролық энергетикалық қондырғыда ядроның бөлінуі кезінде түзілетін энергия түгелдей денеде жұтылады және жылуға айналады. Бұл процесс ядролық реакторда жүреді;

«СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР»

5 жылдың жүзі болды біз журналымыздың «Сұрақтар мен жауаптар» атты айдарында журналдың оқырмандарының назарына азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған объектілерге тән семинар тыңдаушыларының азаматтық қорғаныс бойынша сұрақтарды ұсынып келеміз.

Журналдың 2023 жылғы №3 санында семинар тыңдаушыларының үш сұрағын ұсынамыз. Сонымен бұл сұрақтардың сипаты мен мазмұны мынандай.

№1 сұрақ: Маңғыстау облысы «Қаражамбасмұнай» АҚ департамент басшысы Рахымжан Саматұлы Құрманбаевтан

Сұрақтың мазмұны: Түркиядағы алапат жер сілкінісінен кейін мені Қазақстандағы сейсмикалық ахуал алаңдатады. Қазіргі таңда қандай облыстар сейсмикалық қауіпті өңір болып саналады? Елімізде қанша сейсмикалық станциялар бар?

**Жауапты дайындаған
«АҚ ҰО» АҚ вице-президенті
Еңсебаев Б.К.**



Жауаптың мазмұны:

Қазақстанның сейсмикалық саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарға сәйкес Қазақстан аумағының сейсмикалық аудандары ел аумағының жалпы ауданының шамамен 40%-ын алып жатыр.

Ең үлкен қауіп – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында ең үлкен тарихи жер сілкінісі болған оңтүстік-шығыс елдерінің аумақтары, олардың әсер ету күші эпицентрде MSK-64(K) шкаласы бойынша 8-10 баллға жетті. Шығыс Қазақстан облысының аумағы сейсмикалық оқиғалардың күшімен 8 баллға дейін, Оңтүстік Қазақстан – 8-9 баллға дейін пайда болу ықтималдығымен бағаланады; Орталық және Батыс Қазақстанда 6-7 баллдық жер сілкінісі аудандары бар.

2023 жылғы жағдай бойынша сейсмикалық қауіпті өңірлерде – елдің шығысы, оңтүстік-шығысы, оңтүстігінде – 7 млн. астам адам тұрады, өнеркәсіптік әлеуеттің 50%-дан астамы шоғырланған, 400-ден астам қалалар мен елді мекендер орналасқан.

Алматы және Шымкент қалаларының, Алматы, Абай, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарының аумақтары сейсмикалық қауіптіліктің жоғары әлеуетіне бейімділігі басым. Бүкіл Орталық Азиядағы сейсмикалық қауіпті аймақтардың бірінде орналасқан Алматы қаласы апатты жер сілкіністеріне барынша бейім.

Сонымен қатар, мұнай мен газды өндіру литосфераның жоғарғы бөлігіне көп әсер етеді, нәтижесінде ол тұрақсыз күйге түседі, ол әртүрлі техногендік апаттар, соның ішінде техногендік жер сілкіністері түрінде жүзеге асырылады. Қазақстанның батыс өңірлерінің техногендік сейсмикалықлығы жеткіліксіз зерттелгені өзекті мәселе болып табылады. Түрлі төтенше жағдайлардың, соның ішінде мұнай төгілулерінің ықтимал салдарын болдырмау және азайту мақсатында өңірде техногендік жер сілкіністерінің туындау ықтималдығын зерделеу қажет.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жойқын жер сілкінісі көшкін, сел, өрт, эпидемия сияқты қайталама қауіпті құбылыстар мен процестердің кең ауқымын тудырады.

Мұнда көп нәрсе уақтылы және сенімді сейсмикалық болжамға, халықты ерте хабардар ету жүйелеріне, инфрақұрылымның, ғимараттар мен құрылыстардың тұрақтылығына байланысты.

Сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін сейсмология салаларын дамыту, құрылыстардың сейсмикалық төзімділігін және сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көрсетілген салаларға цифрлық технологияларды кеңінен енгізу, жоғары білікті кадрларды даярлау процесін сапалы жаңа деңгейге көтерудің басым бағыттарын айқындау, сондай-ақ, мемлекеттік органдар, бейінді ұйымдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру жөніндегі кең ауқымды кешенді шараларды іске асыру қажет.

Республика аумағында сейсмикалық қауіпті сапалы болжау және сейсмикалық қатердің алдын алуға бағытталған 69 сейсмикалық станциялар жұмыс істейді.

№2 сұрақ: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы әкімі аппаратының ЖД, АҚ және ТЖ бөлімінің маманы Бердібеков Нұрдаулет Кенжебайұлынан

Сұрақтың мазмұны: *Менің қояр сұрағым азаматтық қорғаныс бойынша қалаларды – топтарға, ұйымдарды санаттарға жатқызу тәртібі қандай заңнамалық актілерде қарастырылған? Өзгерістер енгізілді дегенді естідім, ол туралы қандай құжатта не деп жазылған?*

***Жауапты дайындаған «АҚ ҰО»
оқытушы Исабаева Л.М.***



Жауаптың мазмұны:

Азаматтық қорғаныс бойынша қалаларды – топтарға, ұйымдарды санаттарға жатқызу тәртібі бойынша құжат «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі ҚР Заңының 2-бөлім, 4-тарау, 20-бабында берілген.


ҚР № 223-VII 2023 жылғы 19 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес, осы 2014 жылғы 11 сәуірдегі ҚР «Азаматтық қорғау туралы» заңының 20-баптың 5-тармағына:

«Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп жыл сайын азаматтық қорғаныс бойынша қалаларды – топтарға, ұйымдарды санаттарға жатқызу жөніндегі тізбелерді дайындайды, оларды тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың азаматтық қорғанысы бастықтары бекітеді» деген өзгеру енгізілді. Яғни, енді қалаларды АҚ тобына және ұйымдарды АҚ санаттарына жатқызу облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдерінің құзырында.

№3 сұрақ:Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өртті бақылау басқармасы бастығының м.а. Токтарғалиев Болат Маленұлынан

Сұрақтың мазмұны: *Өрт қауіпсіздігіне сынақтар жүргізетін ұлттық орталықтың ғана зертханасы ма әлде елімізде басқа да мекемелер бар ма?*

***Жауапты дайындаған «АҚ ҰО»
сынақ-өрт зертханасының бастығы
Амангельдиев Б.А.***



Жауаптың мазмұны:

Елімізде материалдар мен конструкциялардың өрт қауіпсіздігіне қатысты сынақтарды жүргізетін компаниялар көп. Олардың ішінде біздің зертхана Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволық зертханасы болып саналады, ал басқа компаниялар жеке меншік құқығында. Ұлттық орталықтың зертханасы сынақ нәтижесінде бұйымға немесе затқа қатысты тапсырыс берушіге тек қана белгіленген үлгідегі Сынақ хаттамасын табыстаса, басқа мекемелер сынақтан өткендігі жөнінде сертификат береді.

Сынақ-өрт зертханасы бұйымды сынаққа алмас бұрын алдымен тапсырыс берушіден белгіленген үлгі бойынша толтырылған өтініш қағазын алады, кейін сыналатын зат жөнінде толық техникалық мәлімет алып, тапсырыс берушімен келісім-шартқа отырады; сонымен қатар арнайы әдістемелер арқылы жасалатын сынауға қажетті бұйым үлгісінің мөлшері мен сынауға жұмсалатын уақыт туралы алдын ала келісіп алады. Зертханада сынақтар тек қана ақылы негізде жүргізіледі.

Ұлттық орталықтың Сынақ-өрт зертханасы өрттердің алдын алу және өртті жою бойынша қолданылатын арнайы техникалық құралдың, құлақтандыру, автоматты бақылау және өрт дабылын беру құралдарының қауіпсіздігін тексеру мақсатында құрылған еді. Қазіргі таңда зертханадағы жұмыстар сондай-ақ құрылыс материалдары мен конструкциялардың өртке қауіптілігін және отқа төзімділігін, сыналатын бұйымдардың физикалық-химиялық параметрлерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізумен байланысты.

БІЗДІҢ ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗДЫҢ ПІКІРЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Президентістері басқармасының Медициналық орталығының ауруханасының АҚ, ТЖ және өрт қауіпсіздігі бойынша жетекші маманы Сохин Юрий Анатольевич



Мен қызметтік тәжірибемде осындай курсқа екінші рет қатыстым. Алғаш рет 2005 жылы болды. Осы 18 жылда орын алған өте жақсы өзгерістерді көрдім. Мені таңқалдырғаны – тақырыпты жақсы меңгерген жас оқытушылар көп екен, олар кәсіби дайындалған аудиторияға өз материалдарын қол жетімді түрде жеткізе білді, сабақтар қызықты, серпінді болды, біз тіпті демалуға үлгермедік. Азаматтық қорғау жүйесінде қандай жауапты жұмыстар атқарылатынын, олардың қалай жүргізілетінін, азаматтық қорғау жүйесіне қандай мән берілетінін түсінуге мүмкіндік беруші көптеген дәрістер өтті, практикалық сабақтар болды, көрнекі материалдармен жұмыс жасдық. «АҚҰО» АҚ бойынша, осы компанияның Президентіне, оның орынбасарларына, оқытушыларына өз кәсібіне деген Осындай сүйіспеншілігі үшін үлкен алғыс айтқым келеді! Бұндай алған білім біздің азаматтарымызға, оқытылатын мемлекеттік қызметшілерімізге көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға, табиғи және техногендік сипаттағы түрлі төтенше жағдайлардың алдын алуға көмектеседі деп сенемін. Мен бәріне тағы да алғыс айтқым келеді, осындай қызықты және динамикалық курстар үшін рақмет!

«Богатырь Көмір» ЖШС бас директоры Николай Николаевич Корсаков



«Богатырь Көмір» ЖШС атынан
ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау са-

ла-

сындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ басшылығы мен оқытушылар құрамына Азаматтық қорғаныс бағдарламасы бойынша сапалы ұйымдастырылған оқу үшін алғысымды білдіремін.

Қазіргі уақытта табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың маңыздылығын асыра бағалау қиын. Өйткені, дұрыс және нақты құрылған әрекет ету жүйесі - бұл адамдардың қауіпсіздігінің, олардың өмірі мен денсаулығының сақталуының кепілі.

АҚҰО-да оқу кезеңінде алған білім мен дағдылар өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі жүйесін жетілдіруге, кәсіпорын басшылары мен қызметкерлерінің қажетті құзыреттілік деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқыту мен оқу процесін ұйымдастырудың жоғары деңгейін, сондай-ақ орталықта қолданылатын оқытудың озық әдістерін ерекше атап өткім келеді. Мұнда алынған білім әрбір оқыған адам үшін практикалық құндылық пен қолданбалы сипатқа ие.

Оқу кезінде алған білім өнеркәсіптік өндіріс саласында төтенше жағдайлар туындаған жағдайларға ден қоюдың тиімді жүйесін құруға мүмкіндік беретініне және жұмыс орындарында қауіпсіздікті арттыруға ықпал ететініне сенімдімін.

ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ ұжымына жаңа ғылыми жетістіктер мен кәсіби қызметте табыс тілеймін!



«Теңізшевройл» ЖШС-ның ішкі ведомстволық бақылау және аудитінің аға маманы Джаналиев Руслан Касымовичтен пікір

Құрметті Азаматтық қорғау жөніндегі ұлттық орталықтың нұсқаушылары!

2023 жылғы 12-16 маусым аралығында Азаматтық қорғаныс бойынша семинар-тренинг өткізуде алғысымды білдіремін. Осы семинардың арқасында өзім үшін мен азаматтық қорғау, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі, төтенше жағдайлар немесе соғыс жағдайы жағдайында реттелген іс-қимыл саласында жаңа білім алдым.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы біздің «Теңізшевройл» ұйымының маңыздылығын өзім үшін ашып, қауіпсіздік тұрғысынан үлкен көріністі көрдім, бұл маған болашақта «Теңізшевройл» ЖШС оқу жаттығуларына қа-

тысуға, азаматтық қорғауды және ұйымның тұрақты дайындығын қамтама-сыз ету үшін дұрыс қадамдар жасауға көмектеседі.

Азаматтық қорғау жөніндегі ұлттық орталықтағы семинар-тренингке келетін болсақ, менің есімде қалған келесі сәттер бар.

Топта 20-дан астам білім алушы дайындықтан өтті. Курс қазақ және орыс тілдерінде өтті. Нұсқаушылар курсты екі тілде өткізуде керемет жұмыс жасады.

Курста уақыт қатаң басқарылып, міндетті демалыстар болды. Үзілісте қоныраулар соғылды. Оқу орталығы өз қаражаты есебінен шайға үзілістер ұйымдастырды. Түстен кейін өтетін психологиялық жаттығулар оқуға деген көңіл-күй мен рухты көтеруге көмектесті.

Оқу орталығы білім алушыларды тарта отырып, бірқатар практикалық жаттығуларды көрсетті: азаматтық қорғаныс мүлкімен танысу, радиацияны және химиялық улануды анықтауға арналған жабдықтармен танысу, химиялық және радиациялық шабуылдарды, баспаналарды анықтау дағдыларын қалыптастыру, агрессордың шабуылдары кезіндегі іс-әрекеттер. Үшінші күні ауқымды жаттығулар өтті, штаб құрылды, кодталған байланысы бар радиобайланыс болды, құтқару жұмыстары, халықты эвакуациялау өтті, карта бойынша жұмыстар жасалды, диверсанттардың іс-әрекеттерінің алдын алып, газқағарларды пайдаландық.

Курс нұсқаушылары сыпайы, әдепті, жауапты, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің дресс-кодын сақтайды.

Ғимаратта күнделікті санитарлық жұмыстар өтеді, асхана да таза. Жасыл желекке күтім жасалатыны көзге түскен. Оқу-жаттығуды өткізуге арналған полигон қауіпсіз. Дауыс үдеткіштер мен байланыс құралдары бар.

Кіре берісте бақылау-өткізу пункті бар. Ғимаратта төтенше жағдайды жоюға арналған арнайы киімдер мен жабдықтардың үлгілері бар. Бүкіл қабырғаға панорамалық карталар ілінген, бұл жаттығу жасауға ыңғайлы болды. Сабақтар мәжіліс залында да өтті. Әр сынып проекторлармен және климаттық бақылаумен жабдықталған.

Сондай ақ оқу бөлмелерінде бейнебақылау орнатылған.

Азаматтық қорғау жөніндегі ұлттық орталықтың қызметкерлері кері байланысты қолдайды және пікірлерді ескереді.

Азаматтық қорғау жөніндегі ұлттық орталыққа өркендеу тілеймін! Азаматтық қорғаныс курсынан өту үшін осы тамаша оқу орнын тандағаны үшін «Теңізшевройл» ЖШС-ның Адам ресурстарын басқарудың Оқу бөліміне алғыс айтамын!



Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» РМК-ның Азаматтық қорғау, азаматтық қорғаныс және жұмылдыру дайындығы саласындағы жетекші маманы Бейбіт Семейұлы Мағзұмов

Азаматтық қорғау саласындағы өз дағдыларым мен білімімді жетілдіру мақсатында мерзімді түрде түрлі курстарда оқудан өтемін, оның ішінде ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ-да. «Қазгидромет» РМК өз қызметіне орай Азаматтық қорғаудың ұлттық гидрометеорологиялық қызметі болып табылады және осыған байланысты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою процестеріне, әсіресе осы төтенше жағдайларды болжауға және халықты, жергілікті атқарушы органдарды олардың туындау қаупі туралы уақтылы хабардар етуге тікелей қатысады.

Бұл міндеттерді орындау практикалық дағдылардың, теориялық білімнің және нормативтік актілерді білуде хабары болуын талап етеді, яғни бұған азаматтық қорғау саласындағы басшылықты, қызметкерлерді даярлау керек. Мұнда азаматтық қорғау саласындағы кадрларды даярлау мен қайта даярлауда «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту орталығы» оқу-әдістемелік орталығының болуы үлкен көмек болып табылады.

Орталық іс жүзінде азаматтық қорғау және азаматтық қорғаныс саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшы құрамы мен мамандарын даярлау және қайта даярлау жөніндегі қызметтердің толық кешенін алуға болатын жалғыз мекеме болып табылады; азаматтық қорғау құралымдарының командирлерін даярлау және қайта даярлау үшін семинар-тренингтер де бар. Заманауи жабдықтармен жабдықталған аудиториялардың болуы біз үшін ауыр проблемалардың бірін шешуге мүмкіндік береді. Бұл мәселе - жеке қорғаныс құралдарының қызмет ету мерзімін ұзарту, оларды есептен шығару және жою.

Жоғары білікті мамандармен жасақталуы, интерактивті жабдықтармен жарактандырылған мамандандырылған оқу сыныптарының болуы, оның ішінде республикадағы жер сілкінісінің жалғыз мобильді стимуляторымен жарактандырылуы, өлшеу құралдары мен аспаптар үлгілерінің, азаматтық

қорғау, азаматтық қорғаныс саласындағы ғылыми, әдістемелік және нормативтік құқықтық әдебиеттері бар кітапхананың болуы орталықты, оның оқу-материалдық базасын бірегей, әмбебап базаға айналдырады. Бұл мемлекеттік органдардың басшыларын, мамандарын төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға даярлауды жүзеге асыруда тиімді.

Жарты жыл ішінде «Қазгидромет» орталықтағы курстарда 3 қызметкерді, оның ішінде бас директордың бірінші орынбасары С.Б. Саировты оқытты, тіпті курстарды бітіргеннен кейін де біз оқыған оқытушыларымыздан әдістемелік көмек сұраймыз және бұл көмекті әрқашан аламыз. Курстарды аяқтағаннан кейін орталық бізді барлық әдістемелік және теориялық материалдармен, нормативтік құқықтық актілермен электронды түрде қамтамасыз етті. Тыңдаушылар «Азаматтық қорғау саласындағы ақпараттық-әдістемелік материалдар» журналына белсенді жазылды.

Орталық оқытушыларының жоғары деңгейдегі кәсібилігін және күнделікті іс-әрекетті ұйымдастырған басшылықты, тыңдаушылардың тамақтануын атап өткім келеді.

Оқытылатын материалды тыңдаушыларға жеткізу әдістемесін, лекциялық материалды практикалық көрсетілімдермен, демонстрациялармен, бейне-суреттермен үйлестіруді, барлық білім алушыларды толық қамти отырып, оларды практикалық көрсетілімдерге тарта отырып, фильмдермен ұштастыруды айта кету керек.

Орталық ұжымына, әсіресе оқытушылар құрамына қол жеткізген жетістіктерімен тоқтап қалмауға, болашақта оқыту әдістемесін жетілдіруге тілектеспін. Сондай - ақ, топты тек тілдік құрам бойынша ғана емес, сонымен қатар азаматтық қорғау саласындағы мамандарды бастапқы даярлау және қайта даярлау қағидаты мен оқыту мерзімдері бойынша бөлу жөнінде тілектер де бар, өйткені менің ойымша, 5 күндік оқыту, бірінші рет келген білім алушылар үшін - жеткіліксіз, оларға 2 апталық курстар жасау қажет.

Соңында АҚҰО президентіне, вице-президент Б. К. Енсебаевқа, оқытушы-психолог Л.М.Исабаеваға, оқытушылар Л.М.Мархабаевқа, М.Б.Айнабековаға, М.С.Умиралинге және барлық тыңдаушылар тобынан курстардың басынан аяғына дейін бізбен бірге болған оқытушы Ж.А. Құлымбетоваға ерекше алғысымды білдіремін. Рақмет!

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР «ДАРМЕН» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

*Мақаланы дайындаған АҚҰО
оқытушысы Есболов Ж.Е.*



Халықты құлақтандыру және ақпараттандыру басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі және бейбіт және соғыс уақытында ТЖ қорғауды ұйымдастыратын барлық деңгейдегі басқару органдарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Кез келген ТЖ-ға ден қою қандай да бір қауіптің туындауы немесе туындау қаупі туралы хабардар етуден және хабардар етуден басталады.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды дамыту шеңберінде халықты профилактикалық сипаттағы хабарларды қоса алғанда, ықтимал төтенше жағдайлар туралы жедел ақпараттандыру үшін интернет желісіне қолжетімділігі бар азаматтардың смартфондарында, планшеттерінде және басқа да коммуникациялық құрылғыларында орнатылатын Мобильді қосымшаларды пайдалану бүгінгі күні өзекті болып табылады.

2018 жылы ҚР ТЖМ "I2NİK" компаниясымен бірлесіп, республикалық деңгейде және ел өңірлерінің ТЖД кезекші қызметтерінде орнатылған «Darman» мобильдік қосымшасын тегін негізде әзірледі, бұл нақты таңдалған облыс аумағындағы халықты 1 минут ішінде уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда еліміз бойынша мобильді қосымшаны пайдаланушылардың жалпы саны 400 мыңнан астам адамды құрайды. Жеткізілген хабарландырулардың саны-50 млн. болып табылады.

«Darman» бағдарламалық жасақтамасы сонымен қатар магнитудасы 6 немесе одан да көп жер сілкінісі кезінде сейсмикалық сенсорлар іске қосылғанда, Android құрылғыла-



ры мен iOS құрылғыларын «мазаламау» режимінен шығару үшін автоматты түрде хабарландырулар жіберілген кезде тұрғындардың смартфондарына тиісті хабарламаларды автоматты түрде жіберу функциясын жүзеге асырады.

Анықтама үшін: Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінде орнатылған «Дәрмен» бағдарламалық құралы сейсмология институтының «Сейсмикалық қауіптілік мониторингі» ақпараттық жүйесімен біріктірілген, оған Алматы қаласының тау бөктерінде орналасқан сейсмикалық датчиктер қосылған.

Жылдам хабарланыру оқиға басталған кезде: дауылды ескертулер, жолдардың жабылуы/ашылуы, жер сілкінісі, коронавирустық іс-шаралар, мектептердің жойылуы, салықтар, ТКШ қызметтерін өшіру және т. б. туралы хабарландыру пайда болады.

Халықты хабарландыруда қолданатын тағы бір тәсіл ол СМС арқылы хабарландыру. 1-ші суретте СМС арқылы хабарландыру тәсілі және «Darmen» қосымшасы арқылы хабарландыру салыстырылған.

	SMS	Push of Darmen
Скорость доставки до клиента	до 4 часов	до 1 минуты
Поддержка медиа контента	нет	есть
Цена	от 7 тенге	0 тенге
Количество символов в одной сообщении	до 70 символов	БЕЗ ограничений

1 сурет– SMS арқылы және "Darmen" қосымшасы арқылы хабарландыруды салыстыру

«Darmen» қосымшасының артықшылығы жылдамдығында, медиа контент қолдануға мүмкіншілігі бар және оған қоса бағасы жағынан, бір хабарламадағы танбалар саны шектеу жоқтығы тиімді болып табылады.

Жедел шешім қабылдауды талап ететін мәселелер бойынша тұрғындар тарапынан мемлекеттік органға өтініш беру мүмкіндігі, фото және орналасқан жерін бекіту мүмкіндігі қарастырылған.

Darmen мобильді қосымшасының мүмкіндіктері:

- Төтенше жағдайлар туралы жаппай push хабарламалары;

- қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша Төтенше жағдайлар департаментіне мобильді қосымша арқылы хабарлама жіберу және жауап алу мүмкіндігі;

- мобильді платформа Төтенше жағдайлар департаменті мен смартфон пайдаланушылары үшін тегін;

- ыңғайлы интерфейс.

Іске асырудың әсері:

1) халықты хабардар ету үшін қосымша құрал алу

2) sms жіберуден айырмашылығы негізгі артықшылығы:

- мобильді қосымшаның барлық пайдаланушыларына бір уақытта жедел жеткізу;

- ескерту мәтініндегі таңбалардың шексіз саны.

3) кері байланыс;

4) пайдаланушылардың цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру;

Азаматтық қорғау үшін "Daumen" мобильді қосымшасын пайдалану мен дамытудың өзектілігін ескере отырып, мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, осы қосымшаны пайдаланушылар санын ұлғайту бойынша тиісті жұмыс жалғастырылатын болады.

ЕКІ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ОҚИҒАЛАРҒА ҚАТЫСУШЫНЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ

*Тілегенов Жанислам Нұр-
жанұлы, Тараз қаласы Төтен-
ше жағдайлар басқармасының
инженері*



2021 жылғы 26 тамызда кезекші бөлімге сағат 19.10-да Жамбыл облысы Байзақ ауданы Қайнар ауылында орналасқан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің №28349 әскери бөлімінің (инженерлік-саперлік бригада) оқ-дәрілер қоймасының өртенгені туралы хабарлама келіп түсті. 41x17 м2 оқ-дәрі қоймасы жанып кетті. Қуаттылығы әртүрлі 10-нан астам жарылыстар, соның ішінде анықталмаған заттардың жарылыстары туралы ақпарат алдық. Алдын ала мәліметтер бойынша, әскери бөлімнің аумағында алыс және орта

кашықтықтағы артиллериялық снарядтар болмаған. Жарылыстардың күшті болғаны соншалық, соққы толқындары Таразда да сезілді.

«Дабыл» сигналы бойынша облыс полиция департаментінің барлық жеке құрамы және №5513 әскери бөлімнің жеке құрамы көтерілді. Байзақ ауданында жедел штаб құрылды. Оқиға орнында жедел медициналық жәрдем бригадасының қызметкерлері, Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жұмыс істеді.

Оқиға орнына баратын барлық жолдар, соның ішінде темір жол және «Алматы-Тараз», «Тараз-Алматы» автожолдары бірнеше күнге жабылды. Жүздеген адамдар өз жолдарын жалғастыра алмады. Мәселені шешу үшін автобустар тартылды: олардың көмегімен жолаушылар Таразбен көршілес станцияларға жеткізілді.

Қайнар, Базарбай, Үш бұлақ, Жаңатұрмыс ауылдарының тұрғындары эвакуацияланды, сондай-ақ тұрғындар оқиға орнынан 20-30 шақырымға өз бетінше кетіп қалды. Үйлерде терезелер сынған, шатырлар мен төбелер зақымдалған. Соққы толқындары күшті болғаны соншалықты, олар тіпті темір қақпаны зақымдады. Қоғамдық тәртіпті сақтау және тонауға жол бермеу мақсатында эвакуацияланған елді мекендерді патрульдеу ұйымдастырылды.

Тараз қалалық ауруханасында дәрігерлер түрлі жарақаттармен зардап шеккендердің өмірі үшін күрес жүргізді.

Ақпаратты алу, сондай-ақ оқиға болған жерді көзбен қарауға жарылыстар мен өрттер кедергі келтірді.

Сонымен, 2021 жылдың 26 тамызы Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаменті бөлімшелерінің қызметкерлерінің өмір бойы есінде қалады. Өйткені, бұл күн біздің өрт сөндіру отбасымыздағы 10 адамның өмірін қиып еді. Тату отбасы 10 нағыз ер азаматтан, өз ісінің мамандарынан, тамаша ұлдарынан, күйеулерінен және әкелерінен айырылды. Олардың әрқайсысы әрқайсымыздың жадымызда қалады. Олар нағыз қайсарлықпен, абыроймен қаза тапса да, қызметтік міндеттерін соңына дейін орындады.

Сондай-ақ, осы күні осы өртті жою барысында Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің тағы 48 қызметкері зардап шекті. Осы қызметкерлердің барлығы әртүрлі ауыр жарақаттар алған, олардың кейбіреулері бүгінгі күнге дейін қызмет етуге жарамсыз. Зардап шеккен қызметкерлердің арасында алған жарақаттарына қарамастан әріптестерін құтқарып, бар күшімен көмектесуге тырысқандар да бар. Мен - Тілегенов Жанислам Нұржанұлы да сол оқиға ішінде болдым.

Төтенше жағдай орын алған жолы мен Тараз қаласының №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы, азаматтық қорғау аға сержанты едім. Сол күні кезекшілік атқарған маған болған оқиға туралы хабарлама келіп түскеннен кейін жеке құраммен бірге алғашқылардың бірі болып оқиға орнына бет алдым.

